

Р. А. Қаратабанов

# МЕДИА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТ

ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ

Жалпы білім беретін мектептің 9-11(12)-сынып  
мұғалімдеріне арналған



Р. А. Қаратабанов

**МЕДИА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТ  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ**

Жалпы білім беретін мектептің 9-11(12)-сынып  
мұғалімдеріне арналған

«MediaNet» халықаралық журналистика орталығы» ҚҚ  
2021

## **МАЗМҰНЫ:**

Кіріспе .....	7
<b>КУРСТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕ КЕШЕНІНДЕ ЖҮЗЕГЕ/ІСКЕ АСЫРУ</b>	
Курстың негізгі концепциялық идеясы, ерекшеліктері және қазіргі білім беру мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі .....	8
<b>ОҚУ ҚҰРАЛЫ МАЗМҰНЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕСТІГІ .....</b>	<b>10</b>
<b>ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ЖҰМЫС</b>	
Оқу құралы мазмұнының ерекшеліктері.....	12
«Кіріспе (оқушыларға арнау)» .....	13
Параграфтар құрылымының ерекшелігі .....	13
Тақырыпшен жұмыс кезіндегі әдістемелік міндеттер.....	14
Тірек сөздермен жұмыс істеуге қатысты әдістемелік нұсқаулар.....	15
Мәтінмен жұмыс істеу кезіндегі әдістемелік міндеттер және мәтін құралдарымен жұмыс істеу машықтарын қалыптастыру.....	15
Оқу мәтінімен жұмыс істеу әдістері .....	16
Көрнекі материалмен жұмыс істеудегі әдістемелік міндеттер және көрнекі құралдармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру .....	17
<b>ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕННІҢ МАЗМҰНЫНДАҒЫ БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ</b>	
Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар ( <i>материалды меңгеруін бағалау</i> ).....	20

Суммативтік бағалауға арналған тапсырмалар ( <i>материалды меңгеруін бағалау</i> ) .....	20
«Қорытынды» бөлімімен жұмыс істеуге әдістемелік нұсқаулар және осы бөлімдегі сұрақтар көмегімен дағдылар қалыптастыру .....	20
Күрделілігі жоғары тапсырмалар .....	23

<b>ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА СҮЙЕНЕТІН «МЕДИА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТ»</b>	
<b>КУРСЫ БОЙЫНША КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЛАУ</b> .....	26

<b>ОҚУ КУРСЫ БОЙЫНША САБАҚ ЖОБАСЫН ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ</b> .....	29
---	----

<b>ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ ЖОСПАР</b> .....	30
1-сабақ .....	30
2-сабақ .....	33
3-сабақ .....	38
4-сабақ .....	41
5-сабақ .....	46
6-сабақ .....	49
7-сабақ .....	52
8-сабақ .....	55
9-сабақ .....	60
10-сабақ .....	64

**Медиа және ақпараттық сауат.** 9-11(12)-сыныптарға арналған әдістемелік нұсқау. / Р. Каратабанов. – Алматы: «MediaNet» халықаралық журналистика орталығы» ҚҚ, 2021.

Бұл әдістемелік нұсқау Америка халқының көмегі арқасында Америка Құрама Штаттарының Халықаралық даму агенттігінің (USAID) қаржысымен Internews ұйымы іске асыратын «Орталық Азияның MediaCAMP бағдарламасы» аясында дайындалды. «MediaNet» халықаралық журналистика орталығы» ҚҚ ақпараттың мазмұнына тікелей жауапты және ол ақпарат USAID-тың немесе Америка Құрама Штаттары үкіметінің немесе Internews пікіріне сай келмеуі мүмкін.

USAID – әлемдік жетекші халықаралық даму агенттігі және тұрақты дамуға қол жеткізу катализаторы. USAID АҚШ ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экономикалық өркендеуді арттыру бойынша жұмыс атқарады, америкалықтардың жомарттығын көрсетеді әрі тұрақты дамуға үлес қосады.

© Р. А. Каратабанов, 2021

© «MediaNet» халықаралық журналистика орталығы» ҚҚ, 2021

## Кіріспе

Бұл әдістемелік нұсқау «Медиа және ақпараттық сауат» оқу құралының мазмұнын іске асыратын мұғалімге көмек ретінде әзірленген. Оқу құралының мазмұнына сай әзірленген оқу курсы электив және оқу жылында 17 сағатқа есептелген.

Әдістемелік нұсқауда «Медиа және ақпараттық сауат» оқулығы құрылымы, мазмұны және әдістемелік жасақтамасының ерекшеліктері, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау, осы курсты оқу соңында жоспарланатын нәтижелер (тұлғалық, жүйелік-әрекеттік және пәндік), сабақтардың әдістемелік әзірлемелері қамтылған.

Әдістемелік нұсқауда осы курс бойынша сабақта белсенді оқыту әдістерін қолдану теориясы мен практикасының ең өзекті мәселелері: оқытудың белсенді және интербелсенді әдістері ұғымы және оларды жіктеу, түрлі оқыту міндеттерін орындауда белсенді оқыту әдістері түрлерін таңдауға ұсыныстар, топ болып жұмыс істеуді ұйымдастырудағы негізгі әдістемелік тәсілдер көрсетілген.

*Құрметпен, автор*

## **КУРСТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕ КЕШЕНІНДЕ ЖҮЗЕГЕ/ІСКЕ АСЫРУ Курстың негізгі концепциялық идеясы, ерекшеліктері және қазіргі білім беру мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі**

Мұғалімнің назарына «**Медиа және ақпараттық сауат**» курсы бойынша әдістемелік ұсыныс-нұсқауларды ұсынамыз.

«**Медиа және ақпараттық сауат**» курсы оқушылардың бойында қазіргі жағдайлардағы орта білім берудің ерекше өзектілігіне байланысты сауаттылық пен құзыреттілікті (компетенциялар) қалыптастыруға бағытталған.

**Курстың мақсаты** – шығармашылыққа, заңға және этикаға сүйеніп, қажет тәсілдердің бәрін қолдана отырып, ақпаратқа және медиа өнімдеріне тиімді қол жеткізу, оны талдау, сын тұрғысынан талдау, интерпретациялау, пайдалану, жасау және таратуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін білім, машық және ұстанымдар жиынтығын қалыптастыру. Медиа және ақпараттық сауат – «XXI ғасыр дағдылары» немесе «икемді» дағдылардың ажырамас бөлігі.

### **Курс мазмұнын жүзеге/іске асырудың негізгі міндеттері:**

1. Оқушыларға ақпарат қажетін және ақпарат көздерін анықтап, тани білуде көмектесу;
2. Ақпараттың орналасқан орнын анықтауда көмектесу;
3. Ақпараттың сапасы мен сенімділігін сараптау және бағалау дағдыларын қалыптастыру;
4. Ақпаратты жүйелеу және сақтау дағдыларын/машықтарын дамыту;
5. Ақпаратты этика нормаларына сай тиімді әрі нәтижелі түрде қолдануды үйрету;
6. Өз ақпаратын ұсыну және жаңа білім алмасу дағдыларын/машықтарын дамыту.

«**Медиа және ақпараттық сауат**» оқу құралының мазмұны ақпарат көздерінен бастап, медиакомпанияларға дейін тақырыптар ауқымын қамтиды.

Оқу құралында курс мазмұны тармақтарын тарқата қарастыру көзделген:

**1. Медиа тарихы: XXI ғасырға қалай жеттік?** Адамзат коммуникациясы: ым-ишарадан жазуға дейінгі жол. Медианың даму тарихы. Ақпаратты түрлендіру құралдарының эволюциясы. Компьютер мен интернеттің дамуы.

**2. Медиаөріс пен медиасауат.** Медиа түрлері. Білімнің жинақталуы. Қазіргі заманғы мифтер: жалған теориялар мен жалған ғылым. Медиа әлемі. Медиа әлемі мен медиасауат.

**3. Фейк пен фантазия: біз неге және неліктен сенеміз?** Өнердегі ойдан шығару: кино, театр, әдебиет. Балаларға арналған ертегілер мен ересектерге арналған ертегілердің айырмашылығы неде? Балаларға арналған ертегілердің пайдасы. Қорқынышты фильмдер мен кинофантастика. Кинодағы музыка және эмоцияға манипуляция. «Пойыз келуінен» басталған кино тарихы. Сөз бен технологияның күресі.

**4. Ақпарат. Ақпарат көздері.** Ақпарат және оның сипаттары. Ақпараттың сипаттарын бұрмалау және оның салдары. Қазіргі заманғы ақпарат көздері және олардың сипаты. Жаһандық ақпарат кеңістігі. Ақпаратты бұрмалау механизмі (ақпарат берудегі каскад қағидасы). Ақпаратқа ықпал етуші түрткіжайттар: шу, цунами, троллинг және олардың қатері. Ақпараттық шу. Ақпарат толқындары. Ақпараттық троллинг.

**5. Формалық логика: жас сарбаз курсы.** Манипуляция түрлері және олармен күрес тәсілдері. Манипуляция және онымен күрес тарихы. Логиканың төрт негізгі заңы. Логикалық қулықтар (қателер) жіктемесі *petitio principii* түрлері.

**6. Медиа мен жарнама.** Жарнама мен медиа. Жарнама тарихы. Жарнаманың функциялары. Жарнамадағы тәсілдер мен стереотиптер. Жарнамада қолданылатын басқа да манипуляция тәсілдері.

**7. Киберқауіпсіздік.** Интернет пен әлеуметтік желідегі қатерлер. Әлеуметтік желіде туындауы мүмкін проблемалар. Кибербуллинг. Екінші деңгей: растау сұрайтын қорғаныс. Әлеуметтік желідегі аккаунтымызды қалай қорғаймыз? Мәселенің төркіні.

**8. Әлеуметтік желілердегі құпиялық.** Жарнама берушілер. Цифр әлеміндегі қылмыскерлерден қалай қорғанамыз? Алаяқтық. Осындай алаяқтардан қалай қорғану керек? Компьютер вирустары. Вирустардан қалай қорғану керек? Заңға қайшы әрекетке араласу. Тролльдер (кибербуллинг). Ұрылар. Құқық қорғау органдары не істейді? Әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік ережелері.

**9. Фото мен видеоның растығын тексеру.** Фото және видеофейктерді кім жасайды? Яндекс.Картинки мүмкіндіктері. Фотоны тексеру құралдары. Видеоны тексеру. Видеоның түпнұсқалығын тексеру. Келешектің ақпараттық қаруы.

**10. «Қараңғы» әлеуметтік медиа.** Dark Social дегеніміз не? Dark Social неліктен маңызды? Мессенджердегі хабар таратылымын қалай тексеру керек? Dark Social желілеріне қайтіп жарық түсіреміз?



## ОҚУ ҚҰРАЛЫ МАЗМҰНЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТЫНА СӘЙКЕСТІГІ

«**Медиа және ақпараттық сауат**» оқу құралы негізгі мектептегі Жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандартына сай әзірленген. ЖМБС жалпы орта білімдегі негізгі білім бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптарға сәйкес, оқу және әдістемелік нұсқаудың мазмұны білім берудің оқушыларға теориялық білімді меңгерту мен алынған білімді қолданбалы міндеттерді атқаруға қолдану машықтарын дамытуды көздейтін академиялық және практикалық бағытын ұштастыруды көздейді. «**Медиа және ақпараттық сауат**» курсы осы оқу құралы бойынша оқығанда, ҚР ЖМБС талаптарына сәйкес, мынадай **жетекшілік нәтижелері** қалыптасады:

- Қазақстанның мүддесіне қызмет етуге дайындық;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын құрметтеу және нормаларын ұстану;
- Әлеуметтік жауапкершілік және шешім қабылдай алу қабілеті;
- Мемлекеттік тілді меңгеруге ынталы болу;
- Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлеріне, дүниежүзіндегі мәдени әралуандыққа құрметпен қарау;
- Рухани келісім және толеранттық идеяларына адалдық;
- Қоршаған ортаға қамқорлық және экологиядағы тепе-теңдікті сақтауға ұмтылыс;
- Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- Коммуникацияға бейімдік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана білу;
- Өмір бойы білімін жетілдіріп, кемелдікке ұмтылуға мотивация.

«**Медиа және ақпараттық сауат**» оқу құралы **негізгі құзыреттілік**ті дамытуға қолдау жасайды.

Қазіргі жылдам өзгеріп жатқан әлемде функционалдық сауат адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық әрекетке белсенді араласуына, сондай-ақ өмір бойы білімін ұштап отыруына ықпал ететін базалық түрткіжайттардың бірі болып отыр.

Жаһандану жағдайында Қазақстанның алдынан жаңа сын тегеуріндері шығып жатыр. Әр азаматқа өзара байланысты, жылдам өзгеріп жатқан әлемге икемді бейімделу үшін, ауқымды құзыреттіліктер қажет болады.

Қазіргі білім берудің практикалық бағытталуымен байланысты, әрекеттің негізгі нәтижесі білім мен дағдылар жүйесінің өзі ғана емес, негізгі құзыреттіліктер жиыны болуға тиіс:

– *оқу-танымдық* – оқушының өз бетімен танымдық әрекет жасауға: мақсат қою, жоспарлау, талдау, рефлексия мен оқу-танымдық әрекетті бағалауға, фактілерді болжамдардан ажырата білуге, ықтималдық, статистикалық және өзге де таным әдістерін пайдалануға дайындығы;

– *пәндік* – оқушылардың пән саласындағы түрлі білімді, әдеттер мен дағдыларды жүзеге асыруға және сол білімді ары қарайғы білім алуы мен іс жүзінде пайдалану қабілеті;

– *құндылық-мәндік* – қоршаған ортаны көруге, түсінуге, онда адаспай жүруге, өзінің рөлі мен міндетін түйсінуге дайындық, өз әрекеттері мен жүріс-тұрысына мақсаттық және мәндік ұстанымдар таңдай алу, шешім қабылдай алу;

– *жалпы мәдени* – оқушының ұлттық және адамзатқа ортақ мәдениеттің ерекшеліктерін, адам мен адамзат, жекелеген халықтар өмірінің рухани-ұждандық негіздері, отбасылық, әлеуметтік, қоғамдық құбылыстар мен дәстүрлерді, дін мен ғылымның адам өміріндегі рөлі, олардың дүниеге ықпалы, бос уақытты ұйымдастырудың тиімді тәсілдері туралы білуі;

– *ақпараттық* – оқушының түрлі дереккөзден алынған ақпаратпен өз бетімен жұмыс істеуге, оны іздеуге, талдауға және қажет ақпаратты іріктеп алуға, оны сақтап, ары қарай беруге дайындығы;

– *коммуникациялық* – қажет тілдері, айналасындағы және алыстағы адамдармен және оқиғалармен әрекеттесу тәсілдерін қамтиды, топта және ұжымда жұмыс істеу дағдыларының болуын көздейді. Оқушы өзін таныстыра алуы, хат, өтініш жаза алуы, сауалнама толтыра алуы, сұрақ қойып, пікірталас жүргізе алуы керек;

– *әлеуметтік-еңбектік* – азаматтық-қоғамдық әрекетте (азамат, бақылаушы, сайлаушы, өкіл рөлін атқару), әлеуметтік-еңбек саласында (тұтынушы, сатып алушы, клиент, өндіруші құқықтары), отбасы қатынастары мен міндеттері саласында, экономика мен құқық мәселелерінде, кәсіби бағдарлануда білімі мен тәжірибесі болуы;

– *тұлғалық (өзін-өзі жетілдіру)* – дене, рухани және интеллектуалдық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге, эмоциясын реттеуге және өзіне қолдау көрсетуге дайын болуы.

«**Медиа және ақпараттық сауат**» оқу құралында ұсынылған материал оқушының, ата-ананың, мұғалімнің, қоғам мен мемлекеттік оқу, даму, функционалдық сауат пен құзыреттіліктерін дамыту қажетін өтей алады.

## ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ЖҰМЫС

### Оқу құралы мазмұнының ерекшеліктері

Оқу құралының мазмұны оқушылардың медиа және ақпараттық сауат саласындағы білім жүйесінің негіздерін меңгеруін, олардың бойында асқақ қарым-қатынас мәдениеті қалыптасқанын, тұлғаның өзін-өзі анықтауын және кәсіби бағдарлануын, функционалдық сауаттылығының қалыптасуын, тұлғасының интеллектуалдық, рухани-ұждандық тұрғыдан дамуын көздейді.

Ұсынылып отырған оқу құралында оқытудағы әлемдік инновациялық тәжірибені трансляциялау және оқушының оқуға қызығуын тудыратын заманауи білім беру технологияларын пайдалану есебінен оқыту формалары, әдістері мен технологиялары жаңартылды.

Білім беру нәтижелеріне жетуді, алынған нәтижелерді оқу және практикалық әрекетте қолдана білуді үйретуді қамтамасыз ететін қисын тұрғысынан, сын тұрғысынан және конструктив ойлау негіздерін қалыптастыру үшін, оқытудың тиімді формалары мен әдістері енгізілген.

Жаппай оқыту формаларынан әр оқушының дербес білім траекториясын, соның ішінде интербелсенді, инновациялық, зерттеу-жобалық технологияларды, цифрлық инфрақұрылымды пайдалану арқылы іске асыруға көшу қамтамасыз етілген.

Оқушыларға артық абстракт-теориялық білім мен тапсырмалар берілуін жоққа шығарып, соның арқасында оқыту үдерісі барынша икемді және практикаға бағытталған етілді.

Тұтастай алғанда, оқу құралының мазмұны, оқыту формалары мен әдістері мұғалім мен оқушылар арасында серіктестік және достық қатынас орнатуға ықпал етеді.

Оқу құралы құрылымдық жағынан мазмұн көрсеткіші, кіріспе (оқушыларға қарата жазылған), айқарма – шмүтцтитулдардан, он тараудан, практикалық жұмыстар мен глоссарийден тұрады. Тараулардың мазмұнында суреттер мен кестелер, түрлі қиындық деңгейіндегі жеке, жұпқа арналған және топқа арналған практикалық тапсырмалар берілген.

## «Кіріспе (оқушыларға арнау)»

«Кіріспе (оқушыларға арнау)» алдағы оқу әрекетінің мазмұны мен сипатын ашады, оқулықта бағдар ұстау аппаратымен, негізгі оқу әрекеттерімен, сондай-ақ оқулықта қабылданған шартты белгілермен таныстырады.

## Параграфтар құрылымының ерекшелігі

Әр параграф мынадай құрылымдық элементтерді қамтиды:

- **Параграф атауы**
- **«Тақырыбы»**
- **Тақырыптың тірек сөздері**
- **Негізгі мәтін**
- **Қалыптастырушы бағалауға (формативтік бағалау) арналған тапсырмалар (материалды меңгеруін бағалау)**
- **Көрнекі материал**
- **Жиынтық/қорытынды бағалауға арналған тапсырмалар («Қорытынды»)**
- **«Қызықты ақпарат» айдары**

Оқулық құрылымының жаңа элементтеріне тереңірек тоқталып, функционалдық сауаттылықты және құзыреттілікті қалыптастырудың дидактикалық тәсілдерін қарастырайық.

Оқу құралының әр тарауы «тақырыптан» – бастапқы жолақтың ең жоғары тұсында орналасқан және ары қарайғы мәтіннен бос аралықпен бөлінген тақырыптан басталады. Ол тарауда берілген оқу материалының орналасу ретін де анықтайды. «Тақырыптан» кейін мақсаттық ұстанымдарға сай орналасқан негізгі оқу мәтіні келеді.

«Тақырыпта» осы тарауда ашылатын негізгі мәселелер қамтылған. Тараулардың мәтінде қатысушылар құрамы мен тапсырманың қиындық деңгейі көрсеткіштері бар:

- күрделілігі жеңіл деңгей;
- күрделілігі орташа деңгей;
- күрделілігі жоғары деңгей;
- жеке жұмыс;
- жұппен жұмыс;
- топпен жұмыс.

## Тақырыппен жұмыс кезіндегі әдістемелік міндеттер

Әр тарау «тақырыптан» басталады. «Тақырып» – бастапқы жолақтың ең жоғары тұсында орналасқан және ары қарайғы мәтіннен бос аралықпен бөлінген тақырып атауы. Әр сабақтың басында онымен жұмыс ұйымдастырылады: оқушылар тақырып қалай аталатынын, сабақта оны өткенде нені үйренетінін біледі. «Тақырыпқа» оқушылар сабақтың қорытынды кезеңінде, жетістіктерді тексеру және бағалау жүріп жатқанда қайта оралады. Сөйтіп ұсынылатын тапсырмалар тарау бойынша жұмыстың басында қойылған мақсат-міндеттермен салыстырылады. Тапсырманы орындағанда, оқушылар қандай да бір мақсатқа жеткен-жетпегенін шешеді, бұл сондай-ақ олардың өз жетістіктерін жалпы бағалауына негіз болады.

«Тақырыппен» жұмыс істегенде, бірнеше әдістемелік міндет жүзеге асырылады:

1. Сабақты үйренуге мотивация беріледі.
2. Сабақтағы жұмысқа мақсат қойылады.
3. Сабақты үйренудегі әрекет түрлері анықталады.
4. Сабақты үйрену нәтижелері бойынша бақылау-бағалау әрекеті ұйымдастырылады.

Оған қоса, «тақырып» материалы көмегімен алдыңғы өткен материалды қайталап, оқушылардың қандай да бір басқа тақырып бойынша білімін актуалдап алуға болады. Осы элементте берілген бағдарлар (мақсаттық ұстанымдар) бойынша бөлімді үйрену сызбасын, бағытын жасауға болады.

Тақырыппен жұмыс істегенде, әмбебап оқу әрекетінің барлық дерлік түрі қалыптасады. Мысалы, оқушылар өз әрекетін жоспарлауды, бөлімді үйрену кезінде әрекет ретін анықтауды, мақсаттық ұстанымдар бойынша бөлім мазмұнын болжауды үйренеді. «Тақырыпта» бекітілген ұстанымдарға сүйеніп, оқушылар оқыту мақсаттары мен міндеттерін қабылдап, сақтап алуды үйренеді. Мұндай дағдылар регулятивтік оқу әрекеттеріне қатысты.

«Тақырыптың» тармақтарын талқылау барысында оқушылар сыныптастарымен және мұғалімімен әңгімелеседі, диалог құрады, пікір айтады, сөйтіп әмбебап коммуникациялық оқу әрекеттері қалыптасады.

Мақсаттық ұстанымдарды талдауға сүйеніп, танымдық дағдылар қалыптасады: оқушылар айналасындағы табиғи және мәдени әралуандықтан осы тарауда зерделенетін нысандар мен құбылыстарды ойша ажыратуды үйренеді, алдағы оқу әрекетінің сипатын (байқау мен тәжірибе жүргізу, жоспар бойынша салыстырып, сипаттау, үлгілер әзірлеу, т.б.) анықтайды.

## Тірек сөздермен жұмыс істеуге қатысты әдістемелік нұсқаулар

**Тірек сөздер** – іздеу жүйесіне енгізгенде, параграф тақырыбына сай ақпарат шығатын сөздер. Оларды оқушыларға интернеттен не кітапхана каталогтерінен өз бетімен ақпарат іздеу үшін ұсынуға болады.

## Мәтінмен жұмыс істеу кезіндегі әдістемелік міндеттер және мәтін құралдарымен жұмыс істеу машықтарын қалыптастыру

Әдістемелік әдебиетте **мәтін** материалдық тасымалдаушыда бекітілген ой дегенді білдіреді. Ол арнайы түрде өңделген болуы, тақырыбы болуы және автордың ойтүрткісін іске асыруы керек. Мәтін элементтері өзара қисынды байланысады.

Оқу құралының мазмұнында түрлі мәтін формалары бар. Ақпаратты ұсыну тәсіліне қарай вербал және бейвербал мәтіндер бар. Вербал мәтіндер ақпаратты сөзбен, бейвербал мәтін графикалық материалдар көмегімен жеткізеді. Дидактикалық мақсатына қарай оқу құралында мынадай мәтін формаларын бөліп көрсетуге болады: ақпарат беруші (теориялық, көрнекі, нұсқаулық) және жаттығу (үйретуші, бақылаушы).

*Теориялық* мәтіндер оқу мақсатына сай бейімделген ғылыми ақпаратты қамтиды. Оның көлемі мен мазмұны пәнді оқыту мақсаттарына сәйкес анықталады. Теориялық мәтіндердің міндеті – жаңа теориялық ақпаратты жеткізу, бұрыннан белгілі мәліметтерден ой қорыту. Ондай мәтін түріне вербал мәтін де – ұғымдардың анықтамасы, ережелер, процестердің, құбылыстар мен фактілердің сипаттамасы, бейвербал мәтіндер де – кестелер, сызбалар, графиктер, карталар және т.б. жатады.

*Көрнекі* мәтіндер теориялық мәтіндерде келтірілген теориялық ережелерді нақтылап, түсіндіреді, оларды толығырақ әрі тереңірек түсінуге ықпал етеді. Олардың міндеті – оқушылардың танымдық әрекетін белсенді ету, олардың жеке өмір тәжірибесін араластыру, эмоциялық жауап тудыру. Ондай мәтіндерге нақты нысандардың, құбылыстардың, процестердің, фактілердің, тәжірибелердің сипаттамасы, ғалымдар туралы мәлімет, аутентик материалдар, суреттер, карталар, фотосуреттер, графиктер мен материалдар және т.б. жатады.

*Нұсқаулық* мәтіндер оқушының танымдық әрекетін ұйымдастыруға көмектеседі, нақты пән бойынша тапсырманы орындаудағы әрекеттерді орындау ретін көрсетеді. Оларға нысанды талдау жоспары, алгоритм, тапсырмаларды орындау реті және т.б. жатады.

**Жаттығу мәтіндері** пән бойынша білімді меңгеру және машықтар қалыптасуын толық, курс бойынша оқу бағдарламасында көзделген

көлемде игеруді де, оқушылардың танымдық белсенділігін оятуды да, рефлексияға бейімдігін дамытуды да қамтамасыз етуге, өз танымдық әрекетіне саналы қатынас қалыптастыруға ықпал етуге тиіс. Оқу құралында атқаратын функциясына қарай, *үйретуші* және *бақылаушы* мәтіндер келтірілген.

*Үйретуші* жаттығу мәтіндері теориялық білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру, бекіту және қорытуды қамтамасыз ететін арнайы ұйымдастырылған дидактикалық материалды қамтиды және вербал формада да, бейвербал формада да көрініс табуы мүмкін. Оларға тапсырмаларға берілетін мәтіндерді, кестелерді, сызбалар, кескін карталар және т.б. жатқызуға болады.

*Бақылаушы* мәтіндер пән бойынша білім мен дағдылардың меңгерілуін, ең тиімді әрекет тәсілін саналы түрде таңдап, қолдануға, өз танымдық әрекетіне рефлексия жасауға дайындықты бақылауды қамтамасыз етеді. Оларға тапсырмалар және өтілген материалды қайталау және бақылау сұрақтары, тапсырмалардың өз мәтіні және т.б. жатады.

## Оқу мәтінімен жұмыс істеу әдістері

Оқыту үдерісіндегі маңызды сәттердің бірі – оқушылардың бар білімін мәтін оқу көмегімен кеңейту. Мәтін оқу оқушылардың таңбалы ақпаратты тұтас қабылдауының дербес танымдық процесі ретінде көрінеді. Оқулықтағы тапсырмалардың көбі мәтін оқуға сүйеніп алынатын ақпаратты тереңнен қорытуды көздейді.

Мәтін оқудың бірнеше түрін қарастыруға болады. Олар: *шолып оқу*, *сканерлеп оқу*, *іріктеп оқу*, *шапшаң оқу және тереңдете оқу*.

*Шолып оқу* кітаппен не оқу материалымен алғашқы таныстық кезінде қолданылады. Мазмұны мен негізгі мәселелерді жылдам анықтап алу үшін, аңдатпа, мазмұны және соңғы сөзі оқылады.

*Сканерлеп оқу* – мәтінді қажет ақпарат, фамилия, сөз не факт табу үшін қысқаша шолып оқу.

*Іріктеп оқуда* кітаптың не оқулықтың жекелеген бөлім, тарау не тақырыптары іріктеп оқылады. Оқушы ештеңені өткізіп жібермейді, алайда назарын тек мәтіннің өзіне қызық аспектілеріне ғана аударады. Іріктеп оқу тәсілі кітапты екінші қайтара оқығанда не алдын ала шолып шыққаннан кейін қолданылады.

*Шапшаң оқу* адамның кеңейтілген оперативтік көру өрісіне сүйенеді. Арнаулы жаттығулар көмегімен көздің көру осьтерін алшақтатуға болады, соның арқасында адамның көру өрісіне кітаптың бірнеше сөзі не тіпті тұтас бір жолы ілігеді. Сондықтан адамның көзі солдан оңға қарай



жолды жағалап емес, жоғарыдан төмен қарай қозғалады да, оқу уақытын барынша қысқартады. Шапшаң оқу техникасын меңгерудің нақты әдістемелері арнаулы әдебиетте келтірілген.

*Тереңдете оқу* барысында мәтінді талдауға, мазмұнын бағалауға назар аударылады. Мұндай оқу тәсілі аналитикалық, шығармашылық деп саналады. Мәтінді жай ғана оқып қоймай, оның мазмұны, түсіндіру мен уәждеріндегі күшті және осал тұстары сын тұрғысынан талданады, ережелер мен қорытындыларға өзінше түсіндірме беріледі. Мұндай тәсілмен оқулықтар, бейтаныс, күрделі тақырыптарға арналған мәтіндер оқылады.

### **Көрнекі материалмен жұмыс істеудегі әдістемелік міндеттер және көрнекі құралдармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру**

Дидактикада көрнекілік әдісі өз алдына дербес әдіс ретінде қарастырылады. Көрнекілік заттарды, процестер мен құбылыстарды оларды карталарда, плакаттарда, портреттерде, фотосуреттерде, сызбаларда, репродукцияларда символды түрде суреттеу арқылы көрсету және қабылдауды көздейді.

Көрнекілік әдісі оқушыларға көрнекі құралдарды: плакаттар, карталар, тақтадағы суреттер, портреттер мен картиналарды көрсетуді көздейді.

Үйретуші әрекеттесу әдісі ретінде көрнекілікті мұғалім оқушылардың санасында көрнекі құралдар көмегімен қарастырылатын құбылыстың нақты, айқын әрі анық бейнесін қалыптастыру үшін қолданады.

Көрнекіліктің басты функциясы – теориялық ережелерді нақтылай түсу үшін, құбылыстың формасын, мәнін, құрылымын, өзара әрекеттестіктерді қайта қалпына келтіруде. Ол анализаторлардың бәрін және олармен байланысты сезіну, қабылдау, елестету сынды психикалық процестердің бәрін белсенділік күйіне келтіруге көмектеседі, соның нәтижесінде балалар мен мұғалімнің қорытушы-аналитикалық ойлау әрекетіне бай эмпирикалық негіз қалыптастады.

Көрнекіліктер барлық оқу пәндерін оқытуда қолданылады.

Көрнекілік ретінде табиғи және қолдан жасалған заттар: макеттер, үлгілер, муляждар; өнер туындылары, фильмдерден фрагменттер, әдеби, музыкалық, ғылыми туындылардан үзінділер, карталар, сызбалар, графиктер мен диаграммалар сынды символикалық құралдар қолданылады.

Көрнекіліктерді қолданудың үйретуші нәтижесі оқушылардың зерде-



леніп жатқан пәнді бастапқы қабылдауының айқын болуын қамтамасыз етуінен көрінеді. Ары қарайғы жұмыс та, зерделенетін материалды меңгеру сапасы да соған тәуелді.

Көрнекіліктердің дамытушы әсері анализатордардың әрекетін, қабылдау және түсініктерді қалыптастыру процестерін белсенді етумен байланысты. Сонымен қатар көрнекіліктерді тым артық қолдану ойлау процестерінің тежелуіне соқтырады.

Көрнекілік материалдарды қолданудың тәрбиелік мәні оқушылардың бойында көру және есту мәдениетін қалыптастыруда. Диагностика тұрғысынан көрнекіліктерді пайдалану мұғалімге кері ақпарат береді, өйткені оқушылардың сансыз сауалын тудырып, олардың құбылыстың мәнін түсінуі мен ойының бағытын көрсетеді.

Осы оқулықтағы көрнекіліктердің бәрі жоғарыда аталған функцияларды атқарады және мұғалімге олардың көбін қолдануға мүмкіндік береді.

Алайда оқулықтың басты ерекшелігі – оқушыларды көрнекі материалға (слайдтар, инфографика, постерлер, фотоколлаждарға) сүйеніп, шығармашылық жобалар әзірлеуге міндеттейтін тапсырмалардың болуында.

Жоба бойынша жұмыстың кезеңдерін ескере отырып, мұғалім мынадай әдістемелік міндеттерді орындауы керек:

1. Оқушыларды жоба орындауға даярлау (оқулық материалдарымен таныстыру, мақсат белгілеу, тапсырмаларды бөліп беру, жұмысты орындау мерзімі мен тәсілдерін талқылау).

2. Жобаны орындауға (слайдтар, инфографика, постерлер, фотоколлаждар жасауға, ақпарат жинауға, көрнекіліктер таңдауға, жұмысты ресімдеуге, іске асыруға) көмектесу.

3. Жобаны таныстыруды өткізу (оқушылардың месседжін таныстыру, оларды көрнекі құралдармен көмкеруі, таныстырылымды талқылау, жұмысқа жалпы баға беру).

Шығармашылық жобалық жұмыс әдістемесі оқушылардың кеңесші, ұйымдастырушы ретінде көрінетін мұғалімнің жетекшілігімен ұжымдасып жұмыс істеуін де, көмекші, кеңесші ретінде отбасы мүшелерін қатыстыра отырып, жеке жұмыс істеуін де көздейді. Осылайша маңызды педагогикалық міндет орындалады: оқушылар жұмысты орындап қана қоймайды, қатарластарымен әрі ересектермен іскерлік қатынасты да үйренеді.

Кез келген жобаның мақсаты – шығармашылық және ізденіс сипатындағы мәселенің шешімін табу. Сондықтан оқушылар өз шамасын

іске асыруға, сабақ үстінде көбінесе қажетсіз қалатын түрлі қабілеттерін (аналитикалық, шығармашылық, коммуникациялық) қолдануға барынша мүмкіндік алады. Ондайда мұғалімнің міндеті – әр оқушыға өзінің маңызды екенін, ортақ іске араласқаны маңызды екенін түйсінуіне мүмкіндік беру.

Одан бөлек, мұғалім оқу құралында ұсынылған жобаларды сыныптан тыс әрекет аясында жүзеге асыруға да болатынын білгені маңызды.

Жоба бойынша жұмыс – мынадай әмбебап оқу әрекеттерін қалыптастырудың тиімді тәсілі:

- тұлғалық;
- ұйымдық;
- танымдық;
- коммуникациялық.

Оған қоса, шығармашылық жобалар бойынша жұмыс істеу оқушыға:

- ағымдағы оқу үлгеріміне қатыссыз табысты екенін сезінуге;
- алған білімін қолдануды үйренуге;
- ата-анасымен, өзге ересектермен тұрақты түрде серіктестік ұйымдастыруға;
- қатарластарымен бірлесе әрекет етіп, диалог жүргізуге;
- сыныптасының көзқарасын ескеріп, түсінуге;
- топтық жобаны орындау барысында міндеттерді бөлуді үйренуге;
- жұмысына мақсат қоюға;
- жобаны жүзеге асыру үшін, өз әрекеттерін жоспарлауға;
- жобалық әрекетінің нәтижесін таныстыруға;
- өзінің де, сыныптастарының да жобаларын бағалауға мүмкіндік береді.

Шығармашылық жобалар бойынша жұмыс істеудегі бастысы – оқушыларға өз ойындағыны жасап, жүзеге асыруды үйрету. Бұл – аса маңызды дағды.

## **ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕННІҢ МАЗМҰНЫНДАҒЫ БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

### **Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар (материалды меңгеруін бағалау)**

Тараулардың мазмұнында әр блоктан кейін қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар ұсынылған. Қалыптастырушы бағалау мұғалім мен оқушыларға жаңа материалды оқып-үйрену барысында білімді меңгеру мен дағдылар қалыптастырудың тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Оның нәтижесі – оқыту барысындағы мұғалім мен оқушылардың әрекетіне түзету енгізу.

### **Суммативтік бағалауға арналған тапсырмалар (материалды меңгеруін бағалау)**

Суммативтік бағалауға арналған тапсырмалар «Қорытынды» айдарында берілген. Олар материалды оқып-үйренудің барлық кезеңін қорытындылайтын етіп әзірленген.

### **«Қорытынды» бөлімімен жұмыс істеуге әдістемелік нұсқаулар және осы бөлімдегі сұрақтар көмегімен дағдылар қалыптастыру**

Бұл бөлімдегі тапсырмалар материалды бекітуге және қорытындылауға, білімді бейстандарт жағдайларда пайдалануды үйретуге, жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын дамытуға, пәндік және метапәндік машықтарды дамытуға арналған. Тапсырмалардың дені репродукциялық сипатта. Репродукциялық тапсырмалар – оқып-үйренген заңдылықтар көмегімен орындалатын оқу тапсырмалары. Репродукциялық тапсырмалар сыныптағы оқушылардың көбінің бойында оқып-үйренген ережелерді пайдалану машығы қалыптасқанша орындалады.

Жаңа заңдылықпен танысқаннан кейін, оқушылар оны сол тапсырмаларды орындауға пайдалану дағдысы қалыптасқанша репродукциялық тапсырмаларды орындай береді. Репродукциялық дағдысы қалыптасқан оқушылар шығармашылық тапсырмаларды орындауға кіріседі, ал дағдысы әлі қалыптаспағандар репродукциялық тапсырмаларды орындай береді. Түптеп келгенде, бұл – оқу тапсырмаларын оқушы дағдысын даму деңгейіне қарай саралау. Оған қоса, тапсырманы оқушылар өзі таңдайды.

## **Білімді бекіту әдістерінің ықтимал тәсілдері.**

### **1. Тақырып бойынша монолог сөйлеу әдісі:**

- карточка бойынша;
- мұғалімнің жоспары бойынша;
- үйде не тақтада алдын ала жасалған жоспар бойынша;
- үйде әзірленген, мысалдары бар карточка бойынша;
- географиялық талдау жоспары бойынша;
- тірек кесте не сызба бойынша;
- рецензенттің (сыныптағы бір оқушы) бақылауымен.

### **2. Сұрақ қою әдісі:**

- өзара сауалнама (екі оқушы тақтаның алдына шығып не орнында отырып);
- тізбек бойынша сұрақ қою;
- билет бойынша сауалнама (сұрақты билеттерге қарап таңдайды);
- экспресс-сауалнама (шапшаң жүргізіледі, оқушылар жауап беруге қиналса, сұрақ басқа оқушыға жолданады).

Коммуникация дағдыларын дамыту үшін, тапсырмалардың бір бөлігін жұп болып, топ болып, ұжымдаса орындауды қарастыру ұсынылады.

**Топпен жұмыс** – ең танымал стратегиялардың бірі. Оқушылардың бәріне (соның ішінде ұялшақ оқушыларға) жұмысқа қатысуға, ынтымақтастық, тұлғааралық қатынас дағдыларын (атап айтқанда, белсенді тыңдау, ортақ пікір қалыптастыру, туындаған келіспеушіліктерді шешу) іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді. Мұның бәрі көбінесе үлкен ұжымда болады. Топтағы жұмыс – мозаика, пікірсайыс, қоғамдық тыңдау, имитациялардың барлық дерлік түрі және т.б. интербелсенді әдістердің көбінің ажырамас бөлігі.

Топтағы жұмысты ұйымдастыру кезінде оның мынадай аспектілеріне назар аудару керек. Оқушылардың топтағы жұмысты орындауға қажет білімі мен дағдылары бар екеніне көз жеткізіп алу керек. Білім жетіспеу көп ұзамай көрінеді, яғни оқушылар тапсырманы орындауға күш салмай қояды. Нұсқаулықтарды барынша айқын етіп жасауға тырысу керек. Топтың бір айтқанда бір-екі нұсқаулықтан артық қабылдай алуы екіталай. Сондықтан нұсқаулықтарды тақтаға және (немесе) карточкаларға жазып қою керек. Топқа тапсырманы орындауға жеткілікті уақыт беру керек.

**Практикалық тапсырмалар** – оқушылардың бойында дұрыс практикалық әрекеттер қалыптасып, дамуына көмектесетін тапсырмалар. Оқу-тәрбие мақсатында практикалық тапсырмалардың мынадай түрлерін пайдалану керек:

- 1) байқау;
- 2) өлшеу;
- 3) тәжірибе;
- 4) модельдеу (мәтіндік, графикалық, техникалық);
- 5) құрастыру;
- 6) жобалау;
- 7) зерттеу.

Практикалық тапсырмаларды орындау үшін, мынадай алгоритмдерді пайдалануға болады.

Оқу құралындағы авторлар ұсынған практикалық тапсырмаларды оқушылардың ерекшеліктері мен қажетіне қарай модификациялауға болады.

**Зерттеу тапсырмалары** – ғылыми-көпшілік әдебиеттен, табиғи және мәдени ортадан шешімі табылмаған мәселелерді іздеу, оларды шешу және алынған шешімді практикалық тұрғыдан тексеру жөніндегі тапсырмалар. Жоғарыда айтып өткеніміздей, әр тақырыпты оқып-үйрену оқушылардың ғылыми шығармашылық әрекетімен аяқталуы тиіс. Алайда бастауыш және негізгі орта мектепте зерттеу тапсырмаларын тек ең мықты оқушылар ғана орындайды да, жұмысының нәтижелерін бүкіл сыныпқа таныстырады. Жалпы білім беретін мектепте зерттеу тапсырмасын оқушылардың бәрі орындайды.

Оқушыларға зерттеу тапсырмалары бар материалдарды қалай әзірлейміз?

Біріншіден, мұғалім ғылыми-көпшілік, көркем әдеби журнал, газет, монографиялардағы жарияланымдар бойынша библиографиялық көрсеткішті әзірлейді. Көрсеткіште курстың барлық тақырыбы бойынша материалдар болуға тиіс. Екіншіден, кабинетте сақталып тұрған материалдардың көшірмесін жасауға болады. Үшіншіден, іріктеп алынған материалдардан оқушыларға арнап хресторматия жасауға болады. Библиографиялық көрсеткіш әзірлегенде, өз өлкесі бойынша материалдарға баса назар аудару керек.

Зерттеу тапсырмаларына ғылыми-көпшілік басылымдардағы мынадай материалдар жатады: 1) шешілмеген мәселеге теориялық анализ; 2) зерттеудің жаңа әдістерін шығару; 3) ғылыми теорияларға анализ жа-

сау және «ақтаңдақтары» – түсіндіруге келмейтін фактілерді анықтау; 4) жаңалықтар мен өнертабыстарды сипаттау; 5) шешімі табылмаған жаңа мәселелерді сипаттау; 6) ғалымдардың шығармашылық биографиясы.

Зерттеу тапсырмаларын орындау үшін, ақпараттық-аналитикалық, интеллектуалдық және практикалық әрекет алгоритмдері қолданылады.

**Шығармашылық тапсырмалар.** Пән бойынша оқу бағдарламасы оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуды көздейді. **Шығармашылық** – объективті түрде жаңа мәдени құндылықтар жасау процесі. Шығармашылық тапсырма кез келген интербелсенді әдістің негізін құрайды және оқытуға мән дарытып, оқушыларды мотивациялайды. Жауаптың белгісіз болуы және өзінің жеке тәжірибесіне не досының, әріптесінің тәжірибесіне сүйеніп, өз «дұрыс» шешімін табу мүмкіндігі оқу үдерісінің барлық қатысушысына, оның ішінде мұғалімге де тән. Бұл ынтымақтастықтың, яғни бірлесіп оқудың іргетасын қалауға мүмкіндік береді. Шығармашылық тапсырманы таңдаудың өзі – мұғалім үшін шығармашылық тапсырма, өйткені мына критерийлерге сәйкес келетін тапсырма табу керек болады:

- бірден түсінікті, бір ауыз сөзбен айтылатын жауабы не шешімі жоқ;
- практикалық және оқушыларға пайдалы;
- оқушылардың өмірімен байланысты;
- оқушылардың қызығушылығын тудырады;
- оқыту мақсаттарына барынша қызмет етеді.

## Күрделілігі жоғары тапсырмалар

Күрделілігі жоғары тапсырмалар оқытуды саралау үшін ұсынылған және мұғалімнің ыңғайына қарай оқушылардың жекелеген топтарына ұсынуына болады. Бұл тапсырмалардың қиындық деңгейі олардың қанықтығы мен баяндау формасымен сипатталады, ал қиындық деңгейі деген меңгерілуге тиіс оқу материалының алдыңғы меңгерілген материалмен және оқушылардың интеллектуалдық мүмкіндіктерімен сәйкес келгенін көздейді.

## Өзін-өзі бағалауға бейімделген жалпыланған шәкіл (шкала)

### Үлгі шәкіл

**Өте жақсы:** материалды еркін меңгердім, қажет оқу әрекеттерін орындаймын;

**Жақсы:** жекелеген оқу әрекеттерін орындауда сәл қиналамын, елеусіз қателер болуы мүмкін;

**Жеткілікті:** кейбір оқу әрекеттерін орындауда кәдімгідей қиналамын;

**Жеткіліксіз:** дұрыс жауап пен әрекеттен қате көбірек;

**Түкке тұрмайды:** жауаптар мен әрекеттердің бірнешеуі ғана дұрыс орындалған.

### Рефлексия әрекетін ұйымдастыруға ұсыныстар

**Рефлексия** – өзін-өзі тануға бағытталған ойлану, өз эмоциясы мен сезімдеріне, күйі мен мінез-құлқына анализ. Әр сабақтан кейін өз нәтижелерінді қалыптап, сыныптастарыңмен талқылаңдар. Мына формулаларды қолданыңдар:

- бүгін ... білдім.
- ... қиын болды.
- ... екенін түсіндім.
- ... үйрендім.
- ... істей алдым.
- ... екенін білген қызық болды.
- ... екеніне таңғалдым.
- ... істегім келді және т.б.

Тақырыпты меңгеруде туындайтын қиындықтарды еңсеру үшін, өз бетімен оқу жөніндегі әрекеттеріңді мына сұрақтарға беретін жауаптарыңа сүйене отырып ұйымдастырыңдар:

- Нені жақсы білемін, ал қандай материалды меңгеру үшін, әлі біраз жұмыс істеуім керек?
- Тақырыпты оқып-үйренуді қалай жоспарлауым керек?
- Тақырыпты меңгеру бойынша жоспарымның барлық шарасын қандай мерзімде орындауым керек?
- Мақсатыма жету үшін, қандай әдістер мен ресурстарды пайдаланамын?

- Материалды игеру жоспарымның мақсаты мен міндеттеріне жететінімді қалай анықтай аламын?
- Жоспардың әр тармағын дұрыс меңгерудің критерийлері қандай?
- Қателерімді қалай түзей аламын? Кімге көмек сұрап жүгінсем болады?
- Өз бетіммен оқығанымның нәтижесін қашан және қандай формада көрсете аламын?



# ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА СҮЙЕНЕТІН «МЕДИА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТ»

## КУРСЫ БОЙЫНША КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЛАУ

(АПТАСЫНА – 0,5 сағат, жиыны – 17 сағат)

(ұсыныс сипатында)

Са-бак	Тақырып	Оқыту мақсаттары	Сағат саны
<b>I тоқсан (4 сағат)</b>			
1	<b>Медиа тарихы: ХХІ ғасырға қалай жеттік?</b> Адамзат коммуникациясы: ым-ишарадан жазуға дейінгі жол. Медианың даму тарихы. Ақпаратты түрлендіру құралдарының эволюциясы. Компьютер мен интернеттің дамуы.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Коммуникацияның даму тарихын қарастыру және түрлі коммуникация формаларын қолдану;</li><li>• Ақпарат тасымалдаушыларды талдау.</li></ul>	1
2	<b>Медиаөріс пен медиасауат.</b> Медиа түрлері. Білімнің жинақталуы. Медиа әлемі. Медиа әлемі мен медиасауат.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Әлемдегі технологиялардың даму заңдылықтарын, медиа түрлерін және медиасауаттың негізгі сипаттарын анықтау;</li><li>• Медиаөрістегі фейк, өсек және пранктерді анықтау.</li></ul>	1
3	<b>Фейк пен фантазия. Біз неге және неліктен сенеміз?</b> Өнердегі ойдан шығару: кино, театр, әдебиет. Балаларға арналған ертегілер мен ересектерге арналған ертегілердің айырмашылығы неде? Балаларға арналған ертегілердің пайдасы. Қорқынышты фильмдер мен кинофантастика. Кинодағы музыка және эмоцияға манипуляция. «Пойыз келуінен» басталған кино тарихы. Сөз бен технологияның күресі.	<ul style="list-style-type: none"><li>• Манипуляцияның түрлері мен функцияларын анықтау;</li><li>• Медиадағы архетиптерді тану.</li></ul>	1

4	<p><b>Ақпарат. Ақпарат көздері.</b> Ақпарат және оның сипаттары. Ақпараттың сипаттарын бұрмалау және оның салдары. Қазіргі заманғы ақпарат көздері және олардың сипаты. Жаһандық ақпарат кеңістігі. Ақпаратты бұрмалау механизмі (ақпарат берудегі каскад қағидасы). Ақпаратқа ықпал етуші түрткіжайттар: шу, цунами, троллинг және олардың қатері. Ақпараттық шу. Ақпарат толқындары. Ақпараттық троллинг.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сапалы ақпараттың сипаттарын анықтау;</li> <li>• Ақпараттың растығын анықтау;</li> <li>• Ақпаратты бағалау;</li> <li>• Өз медиаөрісін зерттеу.</li> </ul>	1
<b>II тоқсан (4 сағат)</b>			
5	<p><b>Формалық логика: жас сарбаз курсы.</b> Манипуляция түрлері және олармен күрес тәсілдері. Манипуляция және онымен күрес тарихы. Логиканың төрт негізгі заңы. Логикалық қулықтар (қателер) жіктелісі.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Манипуляцияны анықтау; арам пиғылдылары мен зиянсыздарын ажырата білу;</li> <li>• Формалық логика заңдарын қолдана отырып манипуляцияны танып білу.</li> </ul>	2
6	<p><b>Медиа мен жарнама.</b> Жарнама мен медиа. Жарнама тарихы. Жарнаманың функциялары. Жарнамадағы тәсілдер мен стереотиптер. Жарнамада қолданылатын басқа да манипуляция тәсілдері.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жарнамадағы функциялар, стереотиптер мен функцияларды анықтау;</li> <li>• Өз жарнама образдарын жасау.</li> </ul>	2
<b>III тоқсан (5 сағат)</b>			
7	<p><b>Киберқауіпсіздік.</b> Әлеуметтік желідегі қауіпсіздік. Интернет пен әлеуметтік желідегі қатерлер. Әлеуметтік желіде туындауы мүмкін проблемалар. Әлеуметтік желідегі аккаунтымызды қалай қорғаймыз?</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Киберқауіпсіздік сипаттарын анықтау;</li> <li>• Әлеуметтік желілердің, мессенджерлердің және пошта сервистерінің қауіпсіздігін бағалау;</li> <li>• Әлеуметтік желідегі жеке аккаунтты кибершабуылдардан қорғау құралдарын қолдану.</li> </ul>	3

8	<p><b>Әлеуметтік желілердегі құпиялық.</b> Мәселенің төркіні. Жарнама берушілер. Алаяқтық. Заңға қайшы әрекетке араластыру. Тролльдер (кибербуллинг). Әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік ережелері.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Интернеттегі жеке үйреншікті әрекеттердің жағымсыз салдарын бағалау;</li> <li>• Желідегі қауіптер мен қатерлерді тани білу;</li> <li>• Жеке деректер мен гаджеттерді қорғау құралдарын қолдану.</li> </ul>	2
<b>IV тоқсан (4 сағат)</b>			
9	<p><b>Фото мен видеоның растығын тексеру.</b> Фотоны тексеру құралдары. Видеоны тексеру. Келешектің ақпараттық қаруы.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Фото- және видеофейктерді тану алгоритмдерін қолдану;</li> <li>• Фото- және видеоматериалдардың растығын тексеру;</li> <li>• Дипфейктердің қатерін бағалау.</li> </ul>	2
10	<p><b>«Қараңғы» әлеуметтік медиа.</b> Dark Social дегеніміз не? Dark Social неліктен маңызды? Мессенджердегі хабар таратылымын қалай тексеру керек? Dark Social желілеріне қайтіп жарық түсіреміз?</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазіргі интернет-траффик құрылымындағы «қараңғы медианың» орнын анықтау;</li> <li>• Мессенджерлердегі фейктердің таралуымен күрес тәсілдерін қолдану;</li> <li>• Мессенджерлерге келген видео-, аудио- және мәтін хабарламалардың растығын тексеру;</li> <li>• Мессенджердегі өз белсенділігіне талдау жасау.</li> </ul>	1
11	Қорытынды сабақ	Қорытынды рефлексия	1
<b>Жиыны</b>			<b>17</b>

## ОҚУ КУРСЫ БОЙЫНША САБАҚ ЖОБАСЫН ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

### Сабақ жобасын жасаудың мынадай алгоритмін ұсынамыз:

1. Сабақтың тақырыбы анықталады.
2. Оқу бағдарламасынан қысқamerзімді жоспар макетіне тақырыпқа сәйкес оқыту мақсаттары мен міндеттері көшіріліп жазылады.
3. Сабақтың мақсатына қол жеткізіп, міндетін орындау үшін, белсенді және интербелсенді оқыту әдістерінің лайық түрі/түрлері таңдалады.
4. Уақыты, әрекет түрлері және ресурстары бойынша байланысты сабақ кезеңдері жоспарланады.

Әр сабақтың құрылымы **мынадай компоненттерді** қамтиды:

- 1) оқушыға түсінікті түрде формаланған сабақтың мақсаттық тұрғысы («Не білеміз? Нені үйренеміз?», тараудың «тақырыбымен» жұмыс);
- 2) сабақта жұмыс істеуге қажет білім мен машықтарды актуалдауға керек тапсырма/тапсырмалар;
- 3) жаңа мазмұнды игеруге және қолдануға қажет, мәтін және көрнекі материалды қамтитын білім жүйесі (көрнекіліктермен жұмыс, сыныптағы жұмыс);
- 4) сабақтың мазмұны бойынша қысқаша қорытынды («Қорытынды», сыныптағы жұмыс);
- 5) бақылау-бағалау әрекетін ұйымдастыруға арналған сұрақтар мен тапсырмалар (өз білімін тексеруге арналған сұрақтар);
- 6) қажетіне қарай үйге тапсырма беру (шығармашылық және үй тапсырмасы).

Компетенттік тұрғыдан оқытудың мақсаты мен міндеттері білім берудің инновациялық технологияларын әзірлеу мен қолдануды көздейді. Орта білімнің ЖМБС-да оқушылардың өз бетімен жұмыс істеуінің уақыты мен маңызын арттыру, белсенді оқыту әдістерін кеңінен қолдану, бағалау құралдарының алуан түрін қолдану көзделген. Осы оқулықта авторлар сабақ жоспарларының әзірленімдерін осы талаптарға сай ұсыныс-нұсқау түрінде ұсынады. Сөйте тұра, мұғалім өз сабақтарын жобалауда дербес жұмыс істеуге құқы бар екенін ескере отырып, ұсынылған идеяларды өз қалауына қарай түрлендіріп алуына болады.

# ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ ЖОСПАР

## 1-сабақ

Бөлім		Медиа тарихы: XXI ғасырға қалай жеттік?	
Мұғалімнің аты-жөні			
Күні			
Сынып		Сабаққа қатысып отырған оқушылар саны:	Сабақта жоқ оқушылар саны:
Сабақтың тақырыбы		Коммуникация мен медианың даму тарихы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		<ul style="list-style-type: none"> <li>• Коммуникацияның даму тарихын қарастыру және түрлі коммуникация формаларын қолдану;</li> <li>• Ақпарат тасымалдаушыларды талдау.</li> </ul>	
Сабақтың барысы			
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалімнің әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау
Мотивация	Тірек сөздерді таныстыру: ақпарат, коммуникация, медиа, ақпарат тасымалдаушы.	Тірек сөздерге қарап, сабақтың мазмұнын анықтау.	Дұрыс жауап берілген жағдайда кері байланыс формасында қалыптастырушы бағалау, жауап беруге қиналса, онда оған қосымша сұрақ қою.
Кіріспе	Коммуникацияның бес тәсілін көрсету: ым-ишара, сөйлеу, сурет, жазу және музыка.	Коммуникация тәсілдерін пайда болған уақыты, қолданылу жиілігі бойынша орындарға бөлу. Әр тәсілдің тиімділігін бағалау; Музыканың коммуникациядан өнер санатына өтуін түсіндіру.	<p><b>1.1-тапсырма</b>  <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i>                      Уақыт таспасында коммуникацияның түрлі тәсілдері пайда болуының тарихын көрсет. Суретінді түсіндір.</p> <p><b>1.2-тапсырма</b>  <i>Жұппен жұмыс /Күрделілігі орташа деңгей</i>                      Жазуға жүгінбей, жұп болып, бір-біріңе «Бұл – менің үйім», «Аңға шығып, бұғы атып алдым» не «Жау жақындап қалды» сынды қарапайым хабарларды жеткізіп көріндер. Музыка көмегімен коммуникация жасаған барынша тиімді болатын жағдай ойлап табындар.</p>

Негізгі бөлім	«Медианың даму тарихын» оқуды ұйымдастыру.	<p><b>Сұрақтарға жауап:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>● Коммуникацияның мақсаты;</li> <li>● Сөйлеу ойлаудың дамуына қалай ықпал етті;</li> <li>а) аяқталған,</li> <li>б) аяқталмаған коммуникацияның сипаты мен себептері;</li> <li>● Коммуникация деңгейі мемлекеттердің дамуына қалай ықпал етті?</li> <li>● Ежелдегі жазу түрлері;</li> <li>● Медиа мен массмедианың ұқсастықтары мен айырмашылықтары;</li> <li>● Ақпарат тасымалдаушы эволюциясы;</li> <li>● Ежелгі медиа мамандықтары</li> </ul>	<p>Оқушылар жұп болып өзіне бір сұрақты таңдап алады да, жауабын кез келген графикалық формада (сызба, инфографика, интеллект-карта, т.б.) ұсынады.</p> <p>Оқушылардың өзге жұптары жұмыстың дұрыстығын, түсініктілігін бағалауға тиіс.</p> <p><b>1.3-тапсырма</b>  <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i>  Қазіргі заманғы әр ақпарат тасымалдаушының ерте кездегі ақпарат тасымалдаушылармен қандай да бір байланысы бар. Өзің жиі кіріп тұратын бес-алты сайттың тізімін жаса. Олар неге ұқсайды: орамаға, манускрипт, петроглиф салынған қабырға әлде басқа әлдене ме? Ойыңа келген ассоциацияларды сыныптастарыңмен бірге талқылаңдар.</p>
	«Ақпаратты түрлендіру құралдарының эволюциясы» мәтінін оқуды ұйымдастыру.	Мәтінді үш минуттың аудиоролик форматына компрессиялау.	<p>Оқушылар сабақтан тыс уақытта қарастырған мәтінді аудиомәтінге түрлендіруге тиіс. Бағалау критерийлері: мәндісін іріктеп алу, дикция, дауыс тембрі, ырғақ, жылдамдық, қажет болған жағдайда музыкамен сүйемелдеу.</p> <p><i>Ендігі сабақта шығармашылық жұмыстарды өзіндік бағалау.</i></p>
		<p>Сұрақтарға жауап.</p> <p><i>Жеке жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i></p> <p>1) В.А. Яковсон аударған және А.А. Немировский жартылай өңдеген «Хаммурапи кодексі» (Хрестоматия по истории Древнего Востока. 1. М.: 1980. С.152–177) 61</p>	

<p><b>Қорытындылау</b></p>	<p>«Қорытынды» айдарымен жұмысты ұйымдастыру.</p>	<p>645 таңбадан тұрады. Оны тасымалдаушының салмағы – 4 тонна.</p> <p>а) Өзіңнің сүйікті кітабыңның салмағы қандай болуы мүмкін екенін есептеп көр.</p> <p>б) Мектептегі кітапханашыдан кітапханада шамамен қанша кітап бар екенін біл; әр кітаптың орташа салмағы сенің сүйікті кітабыңның салмағымен тең болса, ондай кітапхананың салмағы қандай болуы мүмкін екенін есепте.</p> <p><i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жоғары деңгей</i></p> <p>Интернет – ендігі жерде инновация емес, күнделікті өмірдің бөлшегі ғана. Ал сен коммуникация мен ақпарат саласында алдағы 10 жылда қандай инновация дүниеге келгенін қалар едің? Өзге салаларда ше? 2030 жылға дейінгі технологиялық дамуға болжам жаз.</p>	<p>Ауызша жауаптар бағаланады.</p> <p>Критерийлер – уәждеу, ақпарат тасымалдаушылар эволюциясы және олардың жетілуіне ғылыми-техникалық прогрестің ықпалы туралы пайымдау.</p>
<p><b>Рефлексия</b></p>	<p><b>Рефлексия: «Сикырлы дорба».</b></p> <p>Мұғалім оқушыларға дорба көрсетіп: «Бүгінгі сабақтағы ең қызықтының бәрін осы дорбаға салайық», – дейді. Бұл тәсіл мұғалімге сабақтың сәтті және сәтсіз тұстарын көруге және келесі сабақтарда сол тәсілді қайталауға не сол қаттеге қайта ұрынбауға мүмкіндік береді.</p>	<p>Оқушылар сабақтың ең қызықты деген тұстарын уәждеп отырып, «дорбаға салады».</p>	

## 2-сабақ

<b>Бөлім</b>		<b>Медиаөріс пен медиасауат</b>	
<b>Мұғалімнің аты-жөні</b>			
<b>Күні</b>			
<b>Сынып</b>		<b>Сабаққа қатысып отырған оқушылар саны:</b>	<b>Сабақта жоқ оқушылар саны:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы</b>		<b>Медиа түрлері. Медиа әлемі мен медиасауат.</b>	
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</b>		<ul style="list-style-type: none"> <li>• Әлемдегі технологиялардың даму заңдылықтарын, медиа түрлерін және медиасауаттың негізгі сипаттарын анықтау;</li> <li>• Медиаөрістегі фейк, өсек және пранктерді анықтау.</li> </ul>	
<b>Сабақтың барысы</b>			
<b>Сабақтың кезеңі/ уақыт</b>	<b>Мұғалімнің әрекеті</b>	<b>Оқушылардың әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>
<b>Мотивация</b>	Миға шабуыл: Сүйікті әдеби кітабыңның мазмұнын өзге адамдарға қайтіп жеткізуге болады?	Оқушылар тапсырманы топта талқылап, жауаптарын ұсынады.	Дұрыс жауап берілген жағдайда кері байланыс формасында қалыптастырушы бағалау, жауап беруге қиналса, онда оған қосымша сұрақ қою.
<b>Кіріспе</b>	Сабақтың тақырыбын хабарлау.	Тірек сөздермен жұмыс: оларды іздеу жүйелеріне енгізіп, сабақтың бағытын анықтау.	Қалыптастырушы бағалау: АКТ-мен жұмыс істеу, ақпарат іздеу және іріктеу машықтары, пайымдарын уәждеуі бағаланады.
<b>Негізгі бөлім</b>	«Медиа түрлері» таныстырылымы  Конвергент педагогика туралы мәтінді ұсыну.	<b>Сұрақтарға жауап:</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Медианың әр түрінің жұмысының ерекшеліктерін анықтау, мүмкіндіктер мен шектеулерді бағалау.</li> <li>• Медианың алуан түрлерін бір форматта біріктіру мүмкіндігі.</li> <li>• «Конвергент журналистика» ұғымының анықтамасы.</li> </ul>	«Мультимедиа» ұғымына қатысты мысалдарды тауып көрсету.  Журналистиканың конвергент форматқа өзгеруіне немен байланысты болды?  Бағалау критерийі: мысалдардың тапсырмаға сәйкестігі; жауаптың уәжділігі.



	<p>«Технологиялардың, коммуникацияның даму заңдылықтары» мәтінін оқуды ұйымдастыру.</p> <p>Графикалық интерфейстерде қолданылатын белгішелер мен пиктограммаларға мысалдар көрсету.</p> <p>Ықтимал дауыс пәрмендерінің, ым-ишарамен басқару мүмкіндіктерін көрсетуді ұйымдастыру.</p>	<p>Технологиялар мен коммуникацияның даму заңдылықтарын циклограмма түрінде көрсету.</p>	<p>Циклограммаларда сипатталған заңдылықтардың көрсетілу дұрыстығы бағаланады.</p> <p>Графикалық интерфейстерде қолданылатын белгілер мен пиктограммалардың дұрыстығы, интерпретациялары, коммуникациялық құрылғыларда дауыспен пәрмен жасаудағы, ым-ишарамен басқарудағы сенімділік бағаланады.</p>
<p><b>Негізгі бөлім</b></p>	<p>Қалыптастырушы тапсырманы орындауды ұйымдастыру.</p>	<p><b>2.1-тапсырма</b> <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i></p> <p>Өзгелермен қарым-қатынастарыңда қандай ым-ишара түрлері танымал екенін, олар қандай ақпаратты жеткізетінін ойлан. Оларды көрсет.</p> <p><b>2.2-тапсырма</b> <i>Жұппен жұмыс / Күрделілігі жоғары деңгей</i></p> <p>Төмендегі тізімді оқып шығындар. Мұндай технологиялар қазір бар деп ойлайсындар ма әлде тек фантастика фильмдерінде ғана мүмкін бе? Болжамдарыңды нақты фактілермен растандар. <i>(16 тармақтан тұратын тізім оқулық мәтінде бар).</i></p> <p>Жауаптарыңды растайтын ақпаратқа жөн сілтейтін гиперсілтемелерді көрсетіп, таныстырылым жасаңдар. Қалауына қарай 2-5 минуттық видеоклип дайындауға болады.</p>	<p>2.2-тапсырмада жауаптардың уәжділігі, гиперсілтемелерді ресімдеу машықтары бағаланады.</p>

<b>Негізгі бөлім</b>	«Білімнің жинақталуы» мәтінін оқуды ұйымдастыру	2.1-кестені «Дәуіріміздің мифтері» және «Дәуірдің ғылыми жаңалықтары» деген екі бағанмен толықтырыңдар. «Білімнің жинақталуы» деген мәтінге сүйене отырып жаңа бағандарды сәйкес ақпаратпен толтырыңдар.	Енгізілген деректердің дұрыстығы, қысқалығы және шолуға келетіні бағаланады.
	«Қазіргі заманғы мифтер» мәтінін оқуды ұйымдастыру.	<p><b>2.3-тапсырма</b> <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i> Қазақстандық БАҚ беттерінен жалған ғылымдар әлі де бар екенін және ондай ақпаратқа тұтынушылар арасында сұраныс бар екенін дәлелдейтін материалдар немесе қызмет көрсету туралы жарнама хабарландыруларын тап.</p> <p><b>2.4-тапсырма</b> <i>Жұппен / Күрделілігі жеңіл деңгей</i> Жарияланған материалдардың скриншоттарын қарап шығыңдар. Олардың бірінде балаларға профилактикалық екпе салдырудан бас тарту насихатталады (2.3-сурет), ал енді бірінде қарсы көзқарас ұстанымын жақтаған ҚР денсаулық сақтау министрінің сөздері келтірілген (2.4-сурет). Осы мәселеге қатысты өз ойларыңды айтыңдар. Өз орталарыңда екпе салдыруға қатысты қандай мифтер кең тарағаны туралы талқылаңдар (қажет болса, шағын сауалнама жүргізіндер).</p>	<p>2.3 және 2.4-тапсырмаларға көп уақыт жұмсалатындықтан, сабақтан тыс уақытта орындауға беріледі.</p> <p>Оқу құралында берілген мифтерге қатысты өз қатынасын фактілермен дәлелдеп, уәждеп айтуы бағаланады.</p>
	«Медиа әлемі» мәтінін оқуды ұйымдастыру	<p><b>2.5-тапсырма</b> <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жоғары деңгей</i></p> <p>Өзіңнің дербес медиа-картаңды жаса. Бір парақ қағазда өзің үнемі әрекеттесетін қазақстандық ақпарат құралдарының бәрін тізіп жаз. Оны былай орналастыру керек: парактың</p>	Өз медиа картасына тиімді таныстырылым жасау дағдылары бағаланады.

	«Медиа әлемі» мәтінін оқуды ұйымдастыру	<p>ортасында өзің, ал айналанда – түрлі қашықтықта (әрекеттесу жиілігіне қарай) медиа түрлері. Өзіңмен «ойы бір» – сенікіне ұқсайтын картасы бар адамды табуға тырыс.</p> <p>Қандай ақпарат көздері дәл қазір сыныпта бар екені, қандайымен үйге бара жатқан жолда кездесетінің, ал қайсысы үйінде күтіп тұрғаны жөнінде ойлан.</p>	Өз медиа картасына тиімді таныстырылым жасау дағдылары бағаланады.
	«Медиа әлемі және медиасауат» мәтінін және «Журналистика мен оның көршілері» атты 2.2-кестені оқуды ұйымдастыру.	<p><b>2.6-тапсырма</b>  <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i>  Дәл осындай бағандары мен жолдары бар кестеде берілген теориялық аспектілердің орнына, соларды көрнекі көрсететін қазақстандық БАҚ беттерінен скриншоттар қойып шығындар.</p>	БАҚ скриншоттарын кестедегі негізгі санаттарға жатқызу дұрыстығы бағаланады.
	«Фейк, өсек және пранк арасындағы айырмашылық» деген 2.3-кестені оқуды ұйымдастыру.	«Фактчек пен верификацияның негізгі айырмашылықтары» деген 2.4-кестедегі мәліметтерге сүйеніп, жеке медиасауатына баға беру.	Өз медиасауатына баға берудегі уәжді пайымдар бағаланады.
<b>Қорытындылау</b>	«Қорытынды» айдарымен жұмысты ұйымдастыру	<p><i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жоғары деңгей</i></p> <p>1. Жақындарың мен достарыңнан қазіргі замандағы мифтердің қайсысына сенетінін сұра. Қандай миф екенін бірден ашып тастама. Алдымен әр теорияны жақтаушылардың уәжімен танысып ал, содан кейін өзің оқығаныңды айттып беріп, олардың пікірін сұра. Олар жалған теорияның дәлелдеріне оңай келісе салса, ұстанған бағытты өзгертіп, мифтерді жоққа шығара баста. Олар өз айтқанынан қайтпай, қорғаныс уәждерін келтіре ме? Олардың қаншасы мифтердің әрқайсысына сенетінін санап көр. Сол мәліметтерді сыныпта талқылаңдар.</p>	<p>Уәждеу және қарсы уәжбен жұмыс істеу машықтары бағаланады</p> <p>Фейк, өсек және пранкті дұрыс сәйкестендіру машықтары бағаланады.</p> <p>Құқық негіздерімен пәнаралық байланыс орнату, сарапшылармен коммуникация орнату дағдылары және жалған ақпарат таратқаны үшін, жауапкершілік туралы жауаптардың дұрыстығы бағаланады.</p>

		<p>Жақындарың мен достарыңның ішінде бір адам болса да өзінің жалған теорияға сеніміне берік болса, оған осы оқулықты оқуды ұсын.</p> <p><i>Топпен жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i></p> <p>Үш-төрт адамнан топқа бірігіңдер. Жаңалықтар таспасынан фейк, өсек және пранк санатына сәйкес үш-төрт материал табыңдар. Үш санаттың да болуы міндетті. Тақырыптарын сыныптастарыңа көрсетіңдер: көз тартар тақырыптың астарында қайсы фейк, өсек не пранк жасырынғанын тауып көрсін.</p> <p>Құқық негіздері жөніндегі білімдеріңе не сарапшылардың көмегіне жүгіне отырып, жалған ақпарат таратқаны үшін берілетін әкімшілік не қылмыстық жауапкершілікті анықтандар.</p>	
<p><b>Реф-лексия</b></p>	<p><b>Үш «С».</b> Оқушыларға сабақтың және келешектегі әрекеттерінің үш сәтін атау ұсынылады.</p> <p>1-С – сабақтағы оқыту үдерісінде жақсы шыққан сәт;</p> <p>2-С – қиындық тудырған сәт;</p> <p>3-С – ендігі сабақтағы жұмысты жеңілдететін әрекет сәті.</p>	<p>Оқушылар үш «С» уәж деп тізбелейді.</p>	

### 3-сабақ

Бөлім		Фейк пен фантазия. Біз неге және неліктен сенеміз?	
Мұғалімнің аты-жөні			
Күні			
Сынып		Сабаққа қатысып отырған оқушылар саны:	Сабақта жоқ оқушылар саны:
Сабақтың тақырыбы		Өнердегі ойдан шығару	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		<ul style="list-style-type: none"> <li>• Манипуляцияның түрлері мен функцияларын анықтау;</li> <li>• Медидағы архетиптерді тану</li> </ul>	
Сабақтың барысы			
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалімнің әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау
Мотивация	Миға шабуыл: Тараудың «тақырыбында» аталған мәселелерді қарастыруды ұйымдастыру	Оқушылар тапсырманы топта талқылап, жауаптарын ұсынады.	Дұрыс жауап берілген жағдайда кері байланыс формасында қалыптастырушы бағалау, жауап беруге қиналса, онда оған қосымша сұрақ қою.
Кіріспе	Сабақтың тақырыбын атап, тапсырмалар орындалуын ұйымдастыру	<p><b>3.1-тапсырма</b>  <i>Жүппен жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i>  Өздерің білетін ең танымал фильм кейіпкерлерін еске түсіріп, бірнеше сұраққа жауап беріңдер.  <b>Кейіпкерлер қандай эмоция тудырады?</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Кейіпкер неге сондай жақсы әрі мейірімді (немесе керісінше, жауыз)?</li> <li>• Фильмде оның бүкіл өмірі көрсетіле ме әлде кейбір детальдары ғана ма?</li> <li>• Неліктен фильмдерде көбінесе жақсы мен жаман айрықша ерекшеліктері бар болып көрсетіледі: кейбір кейіпкерлер зұлым, қызғаншақ, сатқын, өтірікші, тіпті түрі де ұсқынсыз (әсіресе «Сақиналар билеушісі» сияқты фантастикалық фильмдерде), ал енді біреулері сезімтал, мейірімді, әрқашан көмекке дайын, ашық-жарқын, тіпті тым сүйкімді (мысалы, эльфтер, періштелер)?</li> </ul>	Қалыптастырушы бағалау: жауаптардың уәжділігі бағаланады.

		<p><b>3.2-тапсырма</b>  <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i>  Өнердегі бейнелер шындықпен қаншалықты байланысты деп ойлайсың?  Сен кинода да, анимациялық фильмдерде де сақтарды, скифтерді, ғұндарды көп рет көрдің. Олардың сырт келбеті, мінезі қандай, олар қалай киінген? Өнердегі образдың шынайы өмірдегі бейнеге сәйкестігі қандай деп ойлайсың? Сақтардың, скифтердің немесе ғұндардың шын мәніндегі сауыт-сайманы қандай болғанын зерттеп біл.</p>	
<p><b>Негізгі бөлім</b></p>	<p>«Ертегілер, қорқынышты фильмдер мен кинофантастикадағы архетиптердің функциясын анықтау» таныстырылымын көрсету</p>	<p><b>3.3-тапсырма</b>  <i>Жұппен жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i>  Әлеуметтік жарнама түріндегі плакат жасаңдар. Онда қазақ ертегісінің сюжетіне сай бас кейіпкер балаларды адамгершілікке бағынуға шақыратын болсын.</p> <p><b>3.4-тапсырма</b>  <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жоғары деңгей</i>  Балаларға арналған ертегіде де, ересектерге арналған ертегіде де белгілі бір сюжеттер кездеседі, олар архетиптер деп аталады. Мысалы, бас кейіпкердің әлеуметтік жағдайы бірден жақсарған жағдайда «қарадан шығып, хан болды» деп айтады. Ұсқынсыз үйрек немесе Күлшеқыздың тарихы, мәселен, осындай сценарийге құрылған. Тиісті дереккөздерді зерттеп, өнерде мейлінше кең тараған архетиптерді анықта және оған белгілі кітаптардан, фильмдерден және сериалдардан мысал келтір (соның ішінде қазақстандық туындылардан да). Оларды манипуляциялық мақсатта пайдаланудың әсері қандай?</p>	<p>Бағалау критерийі: мысалдардың тапсырмаға сәйкестігі; жауаптың уәжділігі</p>

	<p>Түрлі жанрдағы музыка тындауды ұйымдастыру</p>	<p>Музыка қандай да бір жанрында қандай көңіл күйді жеткізетінін, оны қандай сезімдер мен эмоцияларды жеткізу үшін қолдануға болатынын анықтандар.</p> <p><b>3.5-тапсырма</b>  <i>Топпен жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i>          Үш-төрт адамнан бөлініп, топ құрындар да, видеоролик түсіріңдер. Онда топ мүшелерінің біреуі өлең оқитын болсын. Роликке әуен қосып, сыныпта таныстырындар. Видеоны әуенмен және әуенсіз қабылдаудың айырмасын талқылаңдар.</p>	<p>Бағалау критерийі: мысалдардың тапсырмаға сәйкестігі; жауаптың уәжділігі</p> <p>3.5-тапсырмада роликтің тұжырымдамасы, оны іске асырудың сәйкестігі бағаланады.</p>
<p><b>Қорытынды-лау</b></p>	<p>«Қорытынды» айдарымен жұмысты ұйымдастыру</p>	<p><i>Жеке жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i>          Алдаркөсе мен Қожанасыр сияқты қазақ ертегілеріндегі танымал фольклор кейіпкерлері қазіргі Қазақстанда сотқа тартуға болатындай көптеген тәртіпсіздік жасағанына қарамастан, неліктен халықтың құрметіне бөленді деп ойлайсың? Мұның өнердегі манипуляцияға қатысы қандай? Қазақстандық БАҚ материалдарынан тәртіп бұзған кейіпкерлердің әрекетін қоғам оң бағалаған мысалдарды тап.</p> <p><i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i>          Көркемдік шеберлік қағидалары туралы түсінігіміз шамалы болғандықтан, сәтті фейк табу өте күрделі. Іздеу жүйелері мен түрлі ақпарат көздерінің көмегімен өнердің өтірік контентпен өзара байланысы тақырыбын зертте. Мұғаліммен бірге мына сауалдарды талқылауға дайындал:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>● Фейк және фейк жаңалықтар шығарумен өнер қалай байланысты?</li> <li>● Өткен дәуірлерді шын мәнінде қалай болғанына қарап қабылдап жүрміз бе? Өткен замандағы оқиғалар «шын мәнінде» қандай болғаны жөнінде айта аламыз ба?</li> </ul>	<p>Келтірілген мысалдардың дұрыстығы, уәждеу дағдылары бағаланады.</p> <p>Фейкті дұрыс танып-білу дағдылары бағаланады.</p>

<b>Рефлексия</b>	«Қоржын» жаттығуы. Тақтада/бір бет парақта қоржынның суреті салынады. Оқушылар осы сабақта игерген білім мен дағдылардың қайсысын қоржынына салып алғысы келетінін жапсырма қағазға жазады.	Оқушылар жапсырма қағазға өз пайымдарын жазады.	
------------------	---	---	--

#### 4-сабақ

<b>Бөлім</b>	<b>Ақпарат. Ақпарат көздері</b>		
<b>Мұғалімнің аты-жөні</b>			
<b>Күні</b>			
<b>Сынып</b>	<b>Сабаққа қатысып отырған оқушылар саны:</b>	<b>Сабақта жоқ оқушылар саны:</b>	
<b>Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Ақпарат және ақпарат кеңістігі</b>		
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>● Сапалы ақпараттың сипаттарын анықтау;</li> <li>● Ақпараттың растығын анықтау;</li> <li>● Ақпаратты бағалау;</li> <li>● Өз медиаөрісін зерттеу.</li> </ul>		
<b>Сабақтың барысы</b>			
<b>Сабақтың кезеңі/уақыт</b>	<b>Мұғалімнің әрекеті</b>	<b>Оқушылардың әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>
<b>Мотивация</b>	<p>Мұғалім алманы (не кез келген өзге затты) көрсетіп, оны сипаттап беруді сұрайды.</p> <p>Оқушылардың алма туралы айтқан мәліметтері ол туралы ақпарат екенін және оны өзге заттардан ажыратуға көмектесетіні туралы ойды қорытады.</p>	Оқушылар сол затты сипаттайтын және өзге заттардан ерекшелетін кез келген мәліметті атайды.	Дұрыс жауап берілген жағдайда кері байланыс формасында қалыптастырушы бағалау, жауап беруге киналса, онда оған қосымша сұрақ қою.



<p><b>Кіріспе</b></p>	<p>Сабақтың тақырыбын атап, тапсырмалар орындалуын ұйымдастыру</p>	<p>Ақпарат:          – өзекті, маңызды;          – шын немесе жалған;          – ғылыми, жаңалық, тұрмыстық;          – жылдам жасалады және жеткізіледі;          – қол жетер не қол жетпес;          – қызық не қызық емес;          – ойын не салмақты;          – ұмытылады, жазылады, сақталады, жойылады, жоғалады;          – қолдан жасалады, бұрмаланады;          – адамдарға ықпал етеді, түрлі эмоция тудырады;          – дыбыс, сурет түрінде де болатын жағдайларға мысал келтіріндер.</p>	<p>Қалыптастырушы бағалау: жауаптардың сәйкестігі және уәжділігі бағаланады.</p>
<p><b>Негізгі бөлім</b></p>	<p>«Ақпараттың сипаттары» деген 4.1-кестені зерделеуді ұйымдастыру</p>	<p>Оқушылар ақпараттың әр сипаты бойынша мысал келтіреді: құндылығы, ықпалы, икемділігі репродуктивтік, тасымалданғыштық, интербелсенділік, тексеруге келетіні.</p>	<p>Бағалау критерийі: мысалдардың тапсырмаға сәйкестігі; жауаптың уәжділігі.</p>
	<p>«Ақпараттың сипаттарын бұрмалау және оның салдары» тақырыбы бойынша жұмысты ұйымдастыру</p>	<p><i>Жұппен жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i>          Ақпаратты негатив мақсатта қолдануға мысалдар келтіріндер. Егжей-тегжейіне тереңдемей, ақпаратты арам пиғылмен қолданудың қай түрі екенін ғана атаңдар.</p>	<p>Бағалау критерийі: мысалдардың тапсырмаға сәйкестігі; жауаптың уәжділігі.</p>

	<p>Кітап туралы (тарау мәтініндегі) мысалды талқылауды ұйымдастыру</p>	<p>Оқушылар ықтимал оқырмандар тарапынан неге кітапқа қызығушылық төмендеп кеткенін анықтап, кино әлемінен ұқсас мысалдар келтіреді (мысалы, неліктен кинотеатрларда фильм көрсетіп жатқанда, фото мен видеоға түсіруге тыйым салынады).</p>	<p>Ақпаратты бұрмалау жөніндегі білім, сәйкес мысалдар және уәждеу бағаланады.</p>
<p><b>Негізгі бөлім</b></p>	<p>«Ақпараттық сипаттарын пайдалану сызбасы» деген 4.1-суретті талдауды ұйымдастыру</p>	<p><b>4.2-тапсыру</b> <i>Топпен жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i> Қазақстандағы міндетті еске салдыру туралы кейсті мысалға алып, осы позитив ақпаратқа негатив сипат беруге қолданылған тәсілдерді талдаңдар. Оларды сызбада көрсетіндер.</p>	<p>Ақпаратқа негатив сипат беру үшін оның құндылығына, ықпалына, икемділігіне, репродуктивтігіне, қисындылығына, интербелсенділігіне, тексеруге келетіндігіне әсер етуді анықтау дағдылары бағаланады.</p>
	<p>10 күнге жалғасатын жобалық тапсырманы орындауға нұсқау беру</p>	<p>Жобалық жұмыс: <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жоғары деңгей</i> Өзіңнің дербес медиа-өрісінді зерттеу үшін, жеке медиакүнделік жүргіз. Он күн бойы күнделікте мына деректерді тіркеп отыр:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>● күні бойы қанша жаңалық естідің (үзік-үзік фактілері ғана есінде қалған жаңалықтарды да жаз);</li> <li>● өз бетіңмен қанша жаңалық көрдің/оқыдың (тақырыбын ғана қарап шыққандарды да есепте);</li> <li>● қанша жаңалықты толық оқып шықтың;</li> <li>● жаңалықтарды мына арналар бойынша жіктеп шық: <ul style="list-style-type: none"> <li>а) телевизия;</li> <li>ә) онлайн медиа;</li> <li>б) баспа медиа;</li> <li>в) радио;</li> <li>г) смартфондағы жаңалықтар таспасы;</li> </ul> </li> </ul>	<p>Күнделіктегі ақпараттың құрылымы жүйелі болғаны, өз медиаөрісі туралы ой түйгені, ақпаратты ұсыну дағдылары бағаланады.</p>

<b>Негізгі бөлім</b>	Кітап туралы (тарау мәтініндегі) мысалды талқылауды ұйымдастыру	ғ) біреу айтып берген. 10 күннен кейін жинаған деректеріңді түйіндеп, өз медиаөрісіңнің бейнесін шығарып, оны сыныптастарыңмен және оқытушымен талқыла.	Ақпаратты бұрмалау жөніндегі білім, сәйкес мысалдар және уәждеу бағаланады.
	«Сымсыз телефон» ойынын ұйымдастыру, оның ережесімен таныстыру, оқушыларды екі топқа бөлу, жүргізуші тағайындау, алдын ала дайындалған жаңалық мәтінін ұсыну	<b>4.7-тапсырма</b> <i>Топпен жұмыс / Күрделілігі жоғары деңгей</i> Бірінші топ есік сыртына шығып тұрады. Ал екінші топ сарапшы ретінде сыныпта қалады. Жүргізуші сыртта тұрғандардың біреуін сыныпқа шақырып, оған жүз сөзден тұратын, ішінде ақпараты мен дерегі бір жаңалықты жеткізеді. Содан кейін сырттағы екінші оқушы шақырылып, бірінші оқушы оған естігенін жеткізеді. Ол үшінші оқушыға, ал ол келесісіне, осылайша сыртта соңғы оқушы қалғанға дейін жалғасады. Сарапшылар ақпараттың қай жерде өзгергенін мұқият қадағалап отыруы керек. Ал ең соңында бастапқы жаңалық пен ең соңғы оқушының мазмұндауын қайтадан тыңдайды. Ақпараттың қалай өзгеріп, қалай бұрмалануына мүмкін екенін сараптайды.	Ойын процесінде ақпараттың бұрмалану каскадтарын анықтай білуі, бұрмалау себептері (мысалы, субъективтілік, мүдделілік немесе копирайт кезінде нақтылықтың болмауы) бағаланады.
	«Қазіргі заманғы ақпарат көздері және олардың сипаттары» мәтінін оқуды ұйымдастыру	Оқушылар 4.2-суретпен танысып, әр дереккөз бойынша таныстарының жеке тәжірибесінен мысал келтіреді.	Мысалдардың ақпарат көздеріне сәйкестігі бағаланады.
	Ақпаратты бұрмалау каскадтарын оқып-үйренуді ұйымдастыру	Оқушылар 4.4, 4.5 және 4.6-суреттерді зерделеп, әлемдегі/Қазақстандағы резонанс тудырған оқиғаларды мысалға ала отырып, олар туралы ақпарат қалай бұрмаланғанын анықтайды.	Мысалдардың ақпаратты бұрмалау каскадтарына сәйкестігі бағаланады.

	Оқушыларды «шу», «цунами», «троллинг» ұғымдарымен және олардан келетін қауіппен таныстыру	Осы ұғымдармен танысқаннан кейін оқушылар соларға сәйкес мысал келтіреді.	Мысалдардың сол ұғымдарға сәйкестігі бағаланады.
<b>Қорытындылау</b>	«Қорытынды» айдарымен жұмысты ұйымдастыру	<p><i>Топпен жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i>          Үш-төрт адамнан топқа бірігіндер. Белгілі бір тақырыпты таңдап алып, фотоколлаж жасаңдар. Оның бір бөлігіне ақпараттық шу, ақпарат толқындары және ақпараттық троллингтен болатын қауіпті, ал енді бір бөлігіне, әр қауіпке қатар – олардың бар екенін растайтын жаңалықтар таспасынан, ашық пабликтерден немесе газеттерден скриншоттарды орналастырыңдар.</p> <p><i>Топпен жұмыс / Күрделілігі жоғары деңгей</i>          Үш-төрт адам болып топқа бірігіндер. «Дұрыс жаңалық» әзірлеңдер. Жаңалықта тараудың ба-сында қарастырған ақпарат сипаттарының кем дегенде үшеуі көрініс табуға тиіс. Басты міндет – бастапқыда жаңалықтарды талдағанда анықтаған кемшіліктерге ұрынбау. Жаңалықтың көлемі 2 мың белгіден кем болмасын.</p> <p><i>Жеке жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i>          ● Оқиға туралы пікірімізге және оны түсінуімізге ықпал ететін шынайы емес жаңалықтардан өздерінді барынша қорғау керек 7-10 қадам мен әрекетті жазып қойыңдар. Пікірлерінді сыныпта талқылаңдар.</p>	<p>Келтірілген мысалдардың дұрыстығы, уәждеу дағдылары бағаланады</p> <p>Ақпараттық шу, ақпарат толқындары және ақпараттық троллингті дұрыс сәйкестендіру дағдылары бағаланады.</p>
<b>Рефлексия</b>	Үш негізгі идея. Оқушылар қарастырылған тақырыптағы үш негізгі идеяны бөліп қарастырып, өз сөзімен сипаттап беруге тиіс.	Оқушылар сабақ мазмұнына қатысты өз ойынша үш негізгі идеяны көрсетеді.	

## 5-сабақ

Бөлім		Формалық логика: жас сарбаз курсы.	
Мұғалімнің аты-жөні			
Күні			
Сынып		Сабаққа қатысып отырған оқушылар саны:	Сабақта жоқ оқушылар саны:
Сабақтың тақырыбы		Манипуляция және оны тани білу	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		<ul style="list-style-type: none"> <li>● Манипуляцияны анықтау; арам пиғылдылары мен зиянсыздарын ажырата білу;</li> <li>● Формалық логика заңдарын қолдана отырып манипуляцияны танып білу.</li> </ul>	
<b>Сабақтың барысы</b>			
Сабақтың кезеңі/уақыт	Мұғалімнің әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау
<b>Мотивация</b>	Мұғалім тірек сөздерді атайды: манипуляция, логика, сын тұрғысынан ойлау, аргумент	Оқушылар миға шабуылға қатысып, осы сөздер өзара қалай байланысты болуы мүмкін екені туралы ойды қорытады.	Дұрыс жауап берілген жағдайда кері байланыс формасында қалыптастырушы бағалау, жауап беруге қиналса, онда оған қосымша сұрақ қою.
<b>Кіріспе</b>	Сабақ тақырыбын хабарлау		
<b>Негізгі бөлім</b>	«Манипуляция түрлері» таныстырылымы	Оқушылар позитив манипуляцияға мысал келтіреді.	Бағалау критерийі: мысалдардың тапсырмаға сәйкестігі; жауаптың уәжділігі.
	Мұғалім: «Арам пиғылды манипуляцияға нені қарсы қоя аламыз?» деп сұрақ қояды және 5.1-тапсырманы орындауды ұйымдастырады	Оқушылар арам пиғылды манипуляциямен күресте сын тұрғысынан ойлау мен логика қандай рөл атқаратынын анықтайды.  <b>5.1-тапсырма</b> <i>Жұппен жұмыс/ Күрделілігі жоғары деңгей</i> Мына тұжырымдар формалық тұрғыдан дұрыс құрылғанын анықтап көріндер:	Бағалау критерийлері: жауаптың уәжділігі.

Негізгі бөлім	«Манипуляция түрлері» таныстырылымы	<p>1. Ладинкалардың бәрінің құйрығы бар. Каниланың да құйрығы бар. Демек, Канила – Ладинка.</p> <p>2. Ладинка әр таңда тісін ысады – бұл гигиена. Гигиена аурумен күресуге көмектеседі. Тісін ысу Ладинканың аурумен күресуіне көмектеседі.</p> <p>3. Ладинка зұлымдыққа қарсы екенін айтты. Мен де зұлымдыққа қарсымын. Демек, мен Ладинка жақпын!</p>	Бағалау критерийі: мысалдардың тапсырмаға сәйкестігі; жауаптың уәжділігі.
	«Логика заңдылықтары» таныстырылымы	<p><b>5.2-тапсырма</b>  <i>Топпен жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i></p> <p>Үш-төрт адамнан топқа бірігіп, мына тұжырымдар формалық логиканың қай заңдылықтарына қайшы екенін талқылаңдар:</p> <p>1. Мен Ладинкамен танысқам, жап-жақсы қыз екен, бірақ адал емес.</p> <p>2. Мен ұдайы заң сақталуын жақтаймын, сондықтан темекі тұқылын жерге тастай салған адамға ұрсып тастадым.</p>	Логика заңдылықтарын түсінуі (тақырыптағы мәтінге сүйеніп), сәйкес мысалдар мен уәждер бағаланады.
	«Логикалық қулықтарды (қателерді) жіктеу» таныстырылымы	Оқушыларға БАҚ беттеріне немесе өз өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, әр логикалық қулық бойынша мысал келтіруге тапсырма беріледі.	Логикалық қулықтарды түсінуі (тараудағы мәтінге сүйеніп), сәйкес мысалдар мен уәждер бағаланады.

<p><b>Қорытындылау</b></p>	<p>«Қорытынды» айдарымен жұмысты ұйымдастыру</p>	<p><i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i>  Мына тұжырымдар қай логикалық қулыққа жататынын анықта:  1. Канила бізге ақша бермейді. Біз қиналып жүрміз. Канила жаман.  2. Ладинка Ладиниядан келген.  Ладинка үнемі кіреберісте қоқыс тастап кетеді.  Ладиниялықтардың бәрі – Ладинка сияқты шошқа.  3. Сіз мұны тек әлемді кім билейтінін білмегендіктен ғана жазып отырсыз.</p> <p><i>Топпен жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i>  Екі топқа бөлініп, тапсырманы екі кезеңмен орындаңдар. Бірінші кезеңде әр топ таңдап алған тақырып бойынша (бір команда – бір тақырып) барлық қулықты пайдалана отырып, мәтін дайындайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>● тезисті алмастыру;</li> <li>● негіздеменің алдын алу;</li> <li>● қарапайымдыққа жүгіну;</li> <li>● дәстүрге жүгіну;</li> <li>● білместікке жүгіну;</li> <li>● жиіркенішке жүгіну;</li> <li>● мейірімге жүгіну;</li> <li>● таяқ аргумент;</li> <li>● «Олай емес»;</li> <li>● «Сол арқылы сол»/«құрылған шеңбер»;</li> <li>● жалған жалпылау.</li> </ul> <p>Екінші кезеңде әр топ екінші топтың мәтініне логика заңдарын сақтай отырып, терістеке дайындайды.</p> <p><i>Топпен жұмыс / Күрделілігі жоғары деңгей</i>  БАҚ материалдарынан өзекті тақырыптардың бірі (мысалы, «Адам ағзаларын ауыстырып</p>	<p>Ой қорытудың дұрыстығы бағаланады.</p> <p>Логика заңдылықтарын, логикалық қулықтарды және қарсы уәждеуді дұрыс интерпретациялауы бағаланады.</p>
----------------------------	--	--	---

		<p>салу», «Пандемия», «Арықтау» және т.б.) бойынша мына заңдылықтарды қасақана бұзып жасалған манипуляцияға мысал табындар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• сәйкестік заңы;</li> <li>• қайшылық заңы;</li> <li>• үшіншінің мүмкін еместігі заңы;</li> <li>• жеткілікті негіздеме заңы.</li> </ul> <p>● Осы тұжырымдарды топ болып талқылап, логика заңдылықтарына сәйкес қарсы уәж ұсынындар.</p>	
<b>Рефлексия</b>	<p>«3-2-1» тәсілі:  3 – сабақта білген үш ең маңызды нәрсе;  2 – іс жүзінде қолданатын білім;  1 – сабақ барысында туындаған сұрақ немесе пікір.</p>	Оқушылар сабақ мазмұнына қатысты 3-2-1 идеяларын айтады.	

## 6-сабақ

<b>Бөлім</b>		<b>Медиа мен жарнама</b>	
<b>Мұғалімнің аты-жөні</b>			
<b>Күні</b>			
<b>Сынып</b>	<b>Сабаққа қатысып отырған оқушылар саны:</b>	<b>Сабақта жоқ оқушылар саны:</b>	
<b>Сабақтың тақырыбы</b>		<b>Жарнаманың түрлері, тәсілдері және функциялары</b>	
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</b>		<ul style="list-style-type: none"> <li>• Жарнамадағы функциялар, стереотиптер мен функцияларды анықтау;</li> <li>• Өз жарнама образдарын жасау</li> </ul>	
<b>Сабақтың барысы</b>			
<b>Сабақтың кезеңі/ уақыт</b>	<b>Мұғалімнің әрекеті</b>	<b>Оқушылардың әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>
<b>Мотивация</b>	Мұғалім баспа, видео және т.б. жарнама үлгілерін көрсетеді	Оқушылар жарнама деген не екенін анықтайды және жарнаманың басты сипаттарын атайды.	Дұрыс жауап берілген жағдайда кері байланыс формасында қалыптастырушы бағалау, жауап беруге қиналса, онда оған қосымша сұрақ қою.



Кіріспе	Оқушылардың жауаптарынан ой қорыту және сабақтың тақырыбын атау.		
Негізгі бөлім	«Жарнаманың тарихы және түрлері» таныстырылымы	<p><b>6.1-тапсырма</b>  <i>Топпен жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i>          Үш топқа бөлініндер. Әр топқа карталар жинағы беріледі (6.2-сурет). Әр постер қай хабарлама түріне жататынын топ ішінде талқылап, әрқайсысының тұсына жазы қойындар.</p> <p><b>6.2-тапсырма</b>  <i>Топпен жұмыс / Күрделілігі жоғары деңгей</i>          Бірінші топ әлеуметтік жарнама, екінші топ коммерциялық, үшінші топ ақпараттық жарнама ойлап шығарады. Постер салуға, көрініс әзірлеуге, телефонға ролик түсіруге немесе тағы басқа нәрсе жасауға болады. Өздерің лайық деп санаған кез келген сюжетті пайдалануға болады. Жарнама нысанын (тауар не қызмет) өз беттеріңмен таңдауға болады. Жарнаманы сыныпта таныстырыңдар.</p> <p><b>6.3-тапсырма</b>  <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i>          Жарнама туралы ҚР Заңын тауып оқып шығындар. Қазақстанда жарнамаға қандай талап қойылатынын, нені жарнамалауға болатынын, нені жарнамалауға болмайтынын мұғаліммен бірге талқылаңдар.</p>	<p>Бағалау критерийі: мысалдардың тапсырмаға сәйкестігі; жауаптың уәжділігі.</p> <p>6.3-тапсырма сабақтан тыс уақытта орындалады.</p>
	«Жарнаманың функциялары, тәсілдері және жарнамадағы стереотиптер» таныстырылымы	<p><b>6.4-тапсырма</b>  <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i>          Суретке қараңдар. «Тіс щеткасына қанша тіс пастасын сығып шығарасың?» деген сұраққа әрқайсысың жеке жауап беріңдер және сәйкес нұсқаның бірін таңдаңдар: А, Ә немесе Б.</p>	<p>Бағалау критерийлері: жауаптың уәжділігі.</p>

<b>Негізгі бөлім</b>	«Жарнаманың тарихы және түрлері» таныстырылымы	<p><b>6.5-тапсырма</b>  <i>Топпен жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i>          6.4-тапсырмадағы таңдаған жауаптарыңа қарай үш топқа бөлініңдер. Неге дәл сонша тіс пастасын пайдаланатындарыңды талқылаңдар. Діс дәрігерлері тіс тазалау үшін, қанша паста қолдануға кеңес беретінін ойланыңдар. Жарнама адамға қалай ықпал ететініне өмірден мысал келтіріңдер.</p> <p>Миға шабуыл: «Жарнамадағы қай манипуляция түрлері бәрінен күшті?»</p>	Бағалау критерийлері: жауаптың уәжділігі.
	«Жарнаманың функциялары, тәсілдері және жарнамадағы стереотиптер» таныстырылымы	<p><b>6.4-тапсырма</b>  <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i>          Суретке қараңдар. «Тіс щеткасына қанша тіс пастасын сығып шығарасың?» деген сұраққа әрқайсысың жеке жауап беріңдер және сәйкес нұсқаның бірін таңдаңдар: А, Ә немесе Б.</p>	Бағалау критерийлері: жауаптың уәжділігі.
<b>Қорытындылау</b>	«Қорытынды» айдарымен жұмысты ұйымдастыру	<p>Жарнама мәтіндері қандай ережелерге сүйеніп құрылатыны жөнінде ақпарат табыңдар. Мына құрылым формасын қолдана отырып, жарнама мәтінін жазыңдар:</p> <p>1. Тақырып 2. Ұран          3. Мәтін 4. Жаңғырық-сөз</p>	<p>Жарнама құру ережелерін түсінуі бағаланады.</p> <p>Шығармашылық жұмыстардың ұсынылған құрылымға сәйкестігі бағаланады.</p>
<b>Рефлексия</b>	<b>Рефлексия: «Блоб ағашы».</b> Әркім өзінің Блоб ағашына «Жарнама мен медиа» тақырыбындағы білімі мен дағдыларына қатысты өзін белгілеуі керек.	Оқушылар өз білім мен дағдыларының деңгейін анықтап, оны «Блоб ағашында» графикалық түрде бейнелейді.	

## 7-сабақ

<b>Бөлім</b>		<b>Киберқауіпсіздік</b>	
<b>Мұғалімнің аты-жөні</b>			
<b>Күні</b>			
<b>Сынып</b>		<b>Сабаққа қатысып отырған оқушылар саны:</b>	<b>Сабақта жоқ оқушылар саны:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы</b>		<b>Киберқауіпсіздік</b>	
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</b>		<ul style="list-style-type: none"> <li>● Киберқауіпсіздік сипаттарын анықтау;</li> <li>● Әлеуметтік желілердің, мессенджерлердің және пошта сервистерінің қауіпсіздігін бағалау;</li> <li>● Әлеуметтік желідегі жеке аккаунтты кибершабуылдардан қорғау құралдарын қолдану.</li> </ul>	
<b>Сабақтың барысы</b>			
<b>Сабақтың кезеңі/ уақыт</b>	<b>Мұғалімнің әрекеті</b>	<b>Оқушылардың әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>
<b>Мотивация</b>	Мұғалім БАҚ беттерінен танымал тұлғалардың аккаунттары бұзылыпты, жеке деректері сыртқы шығып кетіпті және т.б. деген тақырыптарды көрсетеді.	Оқушылар сабақтың тақырыбы қандай боларын табады.	Дұрыс жауап берілген жағдайда кері байланыс формасында қалыптастырушы бағалау, жауап беруге қиналса, онда оған қосымша сұрақ қою.
<b>Кіріспе</b>	Пароль, жекебас деректері, қауіпсіздік сынды тірек сөздерді қолдана отырып, мұғалім оқушылардың жауаптарын қорытындылайды да, сабақтың тақырыбын айтады.		
<b>Негізгі бөлім</b>	«Интернет пен әлеуметтік желілердегі қауіптер» таныстырылымы	Қазақстандық және әлемдік БАҚ беттерінен мына қауіптер бар екеніне дәлел болатын материалдар табындар: <ul style="list-style-type: none"> <li>● аккаунттың бұзылуы;</li> <li>● жеке ақпараттың ұрлануы;</li> <li>● алаяқтық;</li> <li>● кибербуллинг.</li> </ul>	Бағалау критерийі: мысалдардың тапсырмаға сәйкестігі; жауаптың уәжділігі  7.2-тапсырма бойынша идеялардың бар болуы және тиімділігі бағаланады (өзара бағалау).

<b>Негізгі бөлім</b>	«Интернет пен әлеуметтік желілердегі қауіптер» таныстырылымы	<p><b>7.1-тапсырма</b> <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i> Қанша әлеуметтік желі мен мессенджерді қолданатыныңды санап шық.</p> <p><b>7.2-тапсырма</b> <i>Жұппен жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i> Әлеуметтік желілерде кибербуллингтің қандай түрлерін көріп жүргендеріңді талқылаңдар. «Өзің не достарың онлайн-қудалауға ұшырасаңдар, қалай әрекет етер едіңдер, кімге көмек сұрап жүгінер едіңдер?» дегенді ойланыңдар. Ойларыңды ортаға салыңдар.</p>	<p>Бағалау критерийі: мысалдардың тапсырмаға сәйкестігі; жауаптың уәжділігі</p> <p>7.2-тапсырма бойынша идеялардың бар болуы және тиімділігі бағаланады (өзара бағалау).</p>
	«Аккаунттарды қорғау алгоритмі» таныстырылымы	<p><b>Топпен жұмыс.</b> Әр топ өзіне бір әлеуметтік желіні таңдап алады да (мысалы, VK, Facebook, Instagram, Tik-Tok және т.б.), онда қауіпсіз жұмыс істеу негіздерін анықтайды және сыныпқа пароль жасау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты өз алгоритмін ұсынады.</p>	<p>Бағалау критерийі: баршаға түсінікті алгоритм болуы.</p>
<b>Қорытындылау</b>	«Қорытынды» айдарымен жұмысты ұйымдастыру	<p><i>Жұппен жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i> Осы тарауда айтылған тәсілдерді пайдаланып, түрлі парольдер жасап көріңдер. Парольдердің сенімділігін «How Secure Is My Password?», Strength Test и Password Check сынды онлайн-сервистердің көмегімен тексеріп көріңдер. Сервистер парольдерді қалай бағалағанын талқылаңдар.</p>	<p>Әлеуметтік желілердегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелерін түсінуі, баршаға түсінікті алгоритм болуы бағаланады.</p> <p>Шығармашылық жұмыстардың ұсынылған құрылымға және ұжымда анықталған критерийлерге (көлем, ұзақтық, анықтық, түсініктілік және т.б.) сәйкестігі, жобаны таныстыру дағдылары бағаланады.</p>

<p><b>Қорытындылау</b></p>		<p><i>Топпен жұмыс / Күрделілігі жоғары деңгей</i></p> <p>«Аккаунттарды қорғау алгоритмдері» тапсырмасын орындау нәтижелеріне қарай, үш-төрт адамнан топқа бөлініндер. Әр топ өзіне бір әлеуметтік желі/ мессенджер/пошта сервисін таңдап алуға тиіс. Екі топ бірдей таңдап алмауы үшін, өзара талқылап алған жөн.</p> <p>Блогер рөліне еніп, видеоролик форматында, сол таңдап алған әлеуметтік желі/ мессенджер/пошта сервисі бойынша арнайы білімі жоқ адамдарға осы Қазақстанда танымал платформаларда қауіпсіздікті қамтамасыз ету дағдылары жөніндегі арнайы білім мен дағдыларды ортаға салатын үйретуші материал әзірлендер. Роликтің критерийлерін (көлемі, ұзақтығы, анықтығы, түсініктілігі және т.б.) алдын ала талқылап алыңдар да өз жобаларыңды таныстырыңдар.</p>	
<p><b>Рефлексия</b></p>	<p><b>Рефлексия: «Блоб ағашы».</b> Әркім өзінің Блоб ағашына «Жарнама мен медиа» тақырыбындағы білімі мен дағдыларына қатысты өзін белгілеуі керек.</p>	<p>Оқушылар өз білім мен дағдыларының деңгейін анықтап, оны «Блоб ағашында» графикалық түрде бейнелейді.</p>	

## 8-сабақ

Бөлім		Әлеуметтік желілердегі құпиялық	
Мұғалімнің аты-жөні			
Күні			
Сынып		Сабаққа қатысып отырған оқушылар саны:	Сабақта жоқ оқушылар саны:
Сабақтың тақырыбы		Әлеуметтік желілердегі құпиялық	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		<ul style="list-style-type: none"> <li>● Интернеттегі жеке үйреншікті әрекеттердің жағымсыз салдарын бағалау;</li> <li>● Желідегі қауіптер мен қатерлерді тани білу;</li> <li>● Жеке деректер мен гаджеттерді қорғау құралдарын қолдану.</li> </ul>	
<b>Сабақтың барысы</b>			
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Мұғалімнің әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау
<b>Мотивация</b>	Мұғалім тараудың «тақырыбын» көрсетеді.	<p>Оқушылар «Сендер білесіңдер» және «Сендер үйренесіңдер» айдарларындағы әр тармақты 10 балдық шәкіл бойынша бағалайды.</p> <p><b>Сендер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>● интернеттегі күнделікті үйреншікті әрекеттерінің қандай жағымсыз салдары болуы мүмкін екенін;</li> <li>● арам пиғылды адамдардан қандай жеке ақпаратты қорғау керек екенін;</li> <li>● желідегі қатерлер мен қауіптерді қалай тануға болатынын <b>білесіңдер</b>.</li> </ul> <p><b>Сендер:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>● жарнама спамын шектеуді;</li> <li>● жекебас деректерің мен гаджеттеріңді қорғауды;</li> <li>● онлайн-қудалауға қарысы тұруды <b>үйренесіңдер</b>.</li> </ul>	Бағалау пайымы, бағалаудың өзі және жауаптың уәжділігі болған жағдайда қалыптастырушы бағалау.

Кіріспе	Оқушылардың жауаптарын спам, алаяқтық, компьютер вирусы, кибербуллинг тірек сөздерін қолданып, оқушылардың жауаптарынан ой түйю және сабақтың тақырыбын атау		
Негізгі бөлім	8.1 «Интернет қолданушылардың алдынан шығатын негізгі қатерлер» және «8.2. Интернет-қолданушылардың мінез-құлқы және олармен байланысты қатерлер» деген кестелерді зерделеуді ұйымдастыру	<p>«Жарнаманың тықсыруына қалай қарсы тұрып, бітпейтін жарнама хабарламаларын оқымау жолдары», «Алаяқтардан қалай қорғанамыз?», «Вирустардан қалай қорғанамыз?» «Заңға қайшы әрекетке араластыру», «Трольдер (кибербуллинг)», «Ұрылар» деген мәтіндерге сүйене отырып, өз әлеуметтік желілеріндегі қауіпсіздік деңгейін бағаландар.</p> <p>Топпен жұмыс: Әр топ оқушыларға арнап көрсетілген тақырыптардың бірінен постер/инфографика түрінде әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік бойынша жаднама әзірлейді.</p>	<p>Бағалау критерийлері: оқу құралындағы ақпаратты күнделікті өмірде киберқауіпсіздік тұрғысынан қолдана білу дағдылары.</p> <p>Шығармашылық жұмысты бағалау: тақырыпқа, жаднама жанрына сәйкестігі, растығы.</p>
	«Әлеуметтік желілердегі белсенділік және заң» таныстырылымы	Оқушылар әлеуметтік желілердегі әрекеттердің жауапкершілігін анықтайды. БАҚ беттерінен қолданушыларды жауапқа тарту фактілеріне дәлел табады.	Бағалау критерийлері: БАҚ беттерінен сәйкес мысалдар болуы.
	«Жеке аккаунттағы осал тұстар» экспериментін ұйымдастыру	Өз аккаунтарының осал тұстары бар-жоғына талдау. <b>8.1-тапсырма</b> <i>Жүппен жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i> Эксперименттің бірінші бөлімі бойынша әлеуметтік желіде саған жазылған досыңның смартфонын алу керек. Достарыңнан өз телефонын сенің	Экспериментті әдістемеге сай жүргізуі, аралық және қорытынды бағалауы, өз аккаунтының осал тұстары туралы ой түйюі және оның қауіпсіздік деңгейін арттыру жөнінде ұсыныстары болуы бағаланады.

аккаунтыңды ашсын деп сұрап, көргенінді мына тізім бойынша талдап шығындар. Көргендерінді белгілеп қойыңдар. Әр тармаққа бір ұпай қойыңдар.

1. Профильдегі фотосурет.
  2. Телефон, электрондық пошта.
  3. Сен белгіленген фотосуреттер.
  4. Достарыңның тізімі.
  5. Топтарыңның тізімі.
  6. Картадағы белгіленген тұстарың және/немесе фотосуреттерін.
  7. Фотоальбомдарың.
  8. Парақшадағы жазбаларың.
- Эксперименттің бірінші бөлімінде («Дос көзімен») 8 ұпай жинасаңдар, демек достарына сенесіңдер деген сөз. Тек «ВКонтакте» желісіндегі «дос деп аталатындардың бәрі шынымен досым ба?» дегенге ойланып көріңдер. Шынымен «достар» тізіміндегі әр адамға жоғарыдағы тізімдегі ақпаратты сеніп бере аласыңдар ма?

### **8.2-тапсырма**

*Жұппен жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей*

Эксперименттің екінші бөлімі үшін әлеуметтік желідегі достарыңның қатарына қосылмаған адамды табыңдар. Оған оның телефонынан сенің аккаунтыңды ашуын сұрап,

- 8.1-тапсырмадағы тармақтар бойынша тағы бір түгендеп шығындар. Көргендерінді белгілеп қойыңдар. Әр тармаққа бір ұпай қойыңдар. Екінші бөлімде («әлеуметтік желі қолданушысының көзімен») 4-8 ұпай жиналса – жаман деген сөз. Ең дұрысы – 4 ұпайдан аспағаны.

### **8.3-тапсырма**

*Жеке жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей*

Эксперименттің үшінші бөлімі үшін өз аккаунттарыңнан шығып, оны бөлек қойыншада,



		<p>аты-жөнің мен паролінді көрсетпей кіріп қарау керек. Сөйтіп өз аккаунттарыңды 8.1-тапсырмадағы тізім бойынша әлеуметтік желілерде тіркелмеген адамдардың көзімен бағалай аласыңдар. Көргендеріңді белгілеп қойыңдар. Әр көргендеріңе бір ұпай қойыңдар. Эксперименттің үшінші бөлімінде («сырткөз») 0-3 ұпайды жақсы нәтиже санау керек. Әлеуметтік желілерде тіркелмеген адамдар сенің аты-жөнің мен профиль фотоңнан артық ештеңе көре алмауы керек.</p>	
Қорытындылау	«Қорытынды» айдарымен жұмысты ұйымдастыру	<p><i>Өз бетімен жұмыс істеу / Күрделілігі жоғары деңгей</i></p> <p>8.4-кестеде төрт әлеуметтік желідегі құпиялық баптаулары туралы ақпарат жинақталған. Әр желінің мүмкіндіктерін мұқият қарастырыңдар. Осы көрсетілген әлеуметтік желілердегі профильдерің қаншалықты қорғалғанын анықтаңдар. Аккаунттарыңдағы құпиялық баптауларын қосыңдар (8.4-кесте, «Әлеуметтік желілердегі құпиялық баптаулары» тарау мәтінінде, «Қорытынды» айдарында толық келтірілген).</p> <p><i>Топпен жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i></p> <p>6-тарауды оқып-үйрену барысында меңгерген білім мен дағдыларыңды пайдаланып, кез келген формада: коммерциялық/әлеуметтік жарнама, үгіт, саяси насихат, ақпарат беру, PR-компания формасында Қазақстан тұрғындарына жолдау әзірлендер. Онда қоғамға цифрлық қауіптердің (жарнама берушілер, алаяқтар, компьютер вирустары, заңға қайшы әрекетке араластыру, кибербуллинг, ұрылар) бірі жөнінде сақтандыру ақпараты болсын. Жұмыстарыңды сыныпта таныстырыңдар.</p>	<p>Әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік ережелерін түсінуі бағаланады.</p> <p>Шығармашылық жұмыстардың ұсынылған құрылымға және ұжымда анықталған критерийлерге (көлем, ұзақтық, анықтық, түсініктілік және т.б.) сәйкестігі, жобаны таныстыру дағдылары бағаланады.</p>



**Реф-  
лексия**

**Бес саусақ әдісі**

**К** (кішкене бөбек) – ойлау процесі.

*Бүгін қандай білім, тәжірибе алдым?*

**Ш** (шылдыр шүмек) – мақсаттың жақындығы.

*Бүгін не істедім және неге қол жеткіздім?*

**О** (орган терек) – рухымның күйі.

Бүгінгі басым көңіл күйім қандай болды?

**Б** (балаң үйрек) – қызмет, көмек.

*Бүгін не көмек көрсеттім, немен қуанттым, неге жәрдем еттім?*

**Б** (басбармақ) – ширақтық, дене күйі.

*Бүгін денемнің күйі қандай болды? Өз денсаулығым үшін бүгін не істедім?*

Оқушылар «әр саусаққа қойылатын сұрақтар» бойынша ойын ортаға салады.

## 9-сабақ

<b>Бөлім</b>		«Қараңғы» әлеуметтік медиа	
<b>Мұғалімнің аты-жөні</b>			
<b>Күні</b>			
<b>Сынып</b>		<b>Сабаққа қатысып отырған оқушылар саны:</b>	<b>Сабақта жоқ оқушылар саны:</b>
<b>Сабақтың тақырыбы</b>		<b>Фото мен видеоның растығын тексеру</b>	
<b>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары</b>		<ul style="list-style-type: none"> <li>● Фото- және видеофейктерді тану алгоритмдерін қолдану;</li> <li>● Фото- және видеоматериалдардың растығын тексеру;</li> <li>● Дипфейктердің қатерін бағалау.</li> </ul>	
<b>Сабақтың барысы</b>			
<b>Сабақтың кезеңі/ уақыт</b>	<b>Мұғалімнің әрекеті</b>	<b>Оқушылардың әрекеті</b>	<b>Бағалау</b>
<b>Мотивация</b>	Мұғалім фейк фото немесе фейк видео көрсетіп, оның фейк екенін айтпайды да, «Мына материалдың несі дұрыс емес?» деп сұрақ қояды. Материалдар түпнұсқа емес екені көрініп тұратындай болуы керек.	Оқушылар бұл материалдар қолдан жасалғанын анықтайды.	Дұрыс жауап берілген жағдайда кері байланыс формасында қалыптастырушы бағалау, жауап беруге қиналса, онда оған қосымша сұрақ қою.
<b>Кіріспе</b>	Фотофейк, видеофейк, іздеу, алгоритм тірек сөздерін қолданып, оқушылардың жауаптарынан ой түйю және сабақтың тақырыбын атау.		
<b>Негізгі бөлім</b>	Фотоматериалды талдауды ұйымдастыру	<p><b>9.1-тапсырма</b> <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i></p> <p>Төмендегі фотоға қараңдар (9.1-сурет). Ол оннан аса танымал сайтта «Шымкент маңында құрылысшылар кішкене динозаврдың қаңқасын тауып алды» деген тақырыппен жарияланған.</p>	Бағалау критерийлері: детальдарға назар аудару, жалпылау, уәждеу.

		<p>Осы фотоға және оның сипаттамасына қатысты болжамдарың қандай? Өз көзқарастарыңды уәждендер:</p> <p>а) бұл шын мәнінде кішкене динозаврдың қаңқасы;  ә) тақырып фотода бейнеленген нәрсеге сәйкес емес;  б) бұл фото Photoshop немесе өзге фото өндеуге арналған программада монтаждалған.</p>	
Негізгі бөлім	<p>Фотосуреттердің түпнұсқа екенін тексеруге арналған RevEye, Google Images, Яндекс. Картинки, Forensically кеңейтулерінің мүмкіндіктерін көрсету.</p>	<p><b>9.2-тапсырма</b>  <i>Жұппен жұмыс/ Күрделілігі жеңіл деңгей</i>  YouTube платформасынан Google Image Search, RevEye және Forensically сервистерімен жұмыс істеуді үйрететін роликтер тауып көріңдер. Құралдарды мұғаліммен бірге талқылаңдар.</p> <p><b>9.3-тапсырма</b>  <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i>  Аккордеон ұстап тұрған Джими Хендриктің суретіне жасалған фотомонтажды (9.5-сурет) талдап, түпнұсқасымен (9.6-сурет) салыстырыңдар. Аккордеон бейнеленген сурет фейк екенін көрсететін сипаттарды табыңдар. Оны RevEye сервисінің көмегімен тексеріңдер. Бұл фейк қандай фотосуреттерден монтаждап жасалғанын анықтаңдар.</p>	<p>Бағалау критерийлері: кеңейтулермен жұмыс істеу дағдылары және фейк фотоны анықтау.</p>
	<p>Видеороликтердің түпнұсқа екенін тексеруге арналған Google Image Search, TinEye, Youtube</p>	<p>«Factcheck.kz ұсынған қазақстандық кейс» мәтінінде ұсынылған әрекеттерді қайталап көрсету.</p>	<p>Оқушылар әрекетінің ұсынылған алгоритмге сәйкестігі және практикалық жұмыс нәтижесі</p>

	Data Viewer, InVid для сервистерінің кеңейтулерінің мүмкіндіктерін көрсету.		бойынша жасалған қорытындылары бағаланады.
	«Дипфейктер» ұғымымен таныстыру.	Оқушылар өз бетімен интернеттен дипфейктерге мысалдар тауып, олардың елеулі сипаттарын анықтайды.	Мысалдардың сәйкестігі және дипфейктердің елеулі сипаттарының тізімі бағаланады.
	<p>Іздеу жүйесінен ақпарат іздеуді ұйымдастыру, тірек сөздерді іріктеуге көмектесу</p> <p>Бір адамның фотосуретіне немесе бейнесіне басқа адамның бетін апарып қондыруға мүмкіндік беретін, компьютерлер мен смартфондарға, әлеуметтік желілерге арналған программалар мен қосымшаларды санамалап, олардың сипаттамасын айтуды ұйымдастыру.</p> <p>Екі тапсырманы қорытындылау.</p>	<p><b>Топпен / жұппен / жеке жұмыс</b> <i>Күрделілігі орташа деңгей</i></p> <p>Оқушылар дауысты өзгертуге мүмкіндік беретін программалар туралы ақпарат іздеу үшін, тірек сөздерді таңдайды, іздеу жүйелеріне сұрау салып, алынған нәтиже бойынша қорытынды жасайды.</p> <p>Оқушылар бір адамның фотосуретіне немесе бейнесіне басқа адамның бетін қондыруға мүмкіндік беретін компьютерлер мен смартфондарға немесе әлеуметтік желілерге арналған программалар мен қосымшаларды атайды.</p> <p>Оқушылар жеке пайдалану мен қылмысқа жататын мұндай пайдаланудың ара-жігін ажыратады.</p>	<p>Іздеу жүйесіне сұрау салуға тірек сөздерді таңдай білу қабілеті, арнайы программалар мен қосымшаларды қысқа да нұсқа сипаттау, ондай программалар өз құрылғыларында болған жағдайда, олардың қызметі мен нәтижесін таныстыру, осы программалар мен қосымшаларды пайдаланумен байланысты әрекетпен нәтижені сын тұрғысынан бағалай білу бағаланады.</p>
<b>Қорытындылау</b>	«Қорытынды» айдарымен жұмысты ұйымдастыру	<i>Топпен жұмыс / Күрделілігі жоғары деңгей</i> Үш-төрт адамнан топқа бірігіңдер. YouTube Data Viewer сервисін пайдалану жөніндегі нұсқаулықты желіден тауып, қарастырыңдар. Сол құралдың көмегімен о бастан фейк екені белгілі видеороликтің түпнұсқасын тауып көріңдер.	Видеороликтердің растығын тексеру құралдарымен жұмыс істеу дағдылары және фейк жасаушылар әрекетінің этикаға сәйкестігі туралы бағалаушы пайымдары бағаланады

		<p>Роликті жасаушылардың әрекеті этикаға қаншалықты сай екенін талқылаңдар.</p> <p>Монитордан видео жазуға мүмкіндік беретін кез келген компьютер программасының көмегімен, таңдап алынған видеороликті мысалға келтіре отырып, тәжірибесіз қолданушыларға осындай материалдардың түпнұсқа не түпнұсқа емес екенін анықтау алгоритмдерін көрсетіңдер. Видеоның критерийлерін алдын ала келісіп алыңдар.</p>	<p>Фото/видеоның растығын тексеруге арналған құралдар туралы ала келісілген критерийлер бойынша бағаланады (өзара бағалау).</p>		
<p><b>Рефлексия</b></p>	<table border="1" data-bbox="280 742 580 797"> <tr> <td data-bbox="280 742 430 797">Плюс</td> <td data-bbox="430 742 580 797">Минус</td> </tr> </table> <p>«П» – «плюс» бөліміне сабақта ұнағанның бәрі, оң эмоция тудырған немесе оқушының ойынша қандай да бір мақсатқа жету үшін, пайдалы болуы мүмкін ақпарат пен жұмыс формасы жазылады.</p> <p>«М» – «минус» бөліміне сабақта ұнамағанның бәрі, зеріктіретін, түсініксіз болып қалған немесе оқушының ойынша, өмірдегі жағдайларды шешуге пайдасыз болып шыққандарын жазады.</p> <p>«Қ» – «қызық» бөліміне оқушылар сабақта білген қызықты фактілерді бәрін, осы мәселе бойынша тағы не білгісі келетінін, мұғалімге қойғысы келетін сұрақтарын жазады.</p>	Плюс	Минус	<p>Оқушылар «плюс-минус-қызық» санатына қатысты ойларын ортаға салады.</p>	
Плюс	Минус				

## 10-сабақ

Бөлім	Тапсырма		
Мұғалімнің аты-жөні			
Күні			
Сынып	Сабаққа қатысып отырған оқушылар саны:	Сабақта жоқ оқушылар саны:	
Сабақтың тақырыбы			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> <li>● Қазіргі интернет-траффик құрылымындағы «қараңғы медианың» орнын анықтау;</li> <li>● Мессенджерлердегі фейктердің таралуымен күрес тәсілдерін қолдану;</li> <li>● Мессенджерлерге келген видео-, аудио- және мәтін хабарламалардың растығын тексеру;</li> <li>● Мессенджердегі өз белсенділігіне талдау жасау.</li> </ul>		
<b>Сабақтың барысы</b>			
Сабақтың кезеңі/уақыт	Мұғалімнің әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау
Мотивация	«Жұмбақ адам», «Сұр кардинал» деген ұғымдарды қалай түсінесіңдер?» деген сұрақ қояды.	Оқушылар осы сұрақтарға беретін жауаптарын ортаға салады.	Дұрыс жауап берілген жағдайда кері байланыс формасында қалыптастырушы бағалау, жауап беруге киналса, онда оған қосымша сұрақ қою.
Кіріспе	«Қараңғы медиа», мессенджер, хабар таратылымы тірек сөздерін қолдана отырып, оқушылардың жауаптарын қорытындылау және сабақтың тақырыбын атау.		
Негізгі бөлім	«Dark Social» таныстырылымын көрсету.	<b>10.1-тапсырма</b> <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i> Күніне/аптасына WhatsApp арқылы қанша хабарлама алатындарынды есептендер.	Бағалау критерийлері: пайымдардың уәжділігі

		<p>Әрқайсысына қанша көңіл бөлетіндерінді ойланыңдар. Қай хабарламаларды оқып қоя салып, қайсысын өзгелерге жолдайтындарыңды анықтаңдар. Неліктен қандай да бір хабарламаны өзгелерге қайыра жолдауды ұйғаратындарыңды түсіндіріңдер.</p>	
<p><b>Негізгі бөлім</b></p>	<p>«Мессенджердегі хабар таратылымын қалай тексеру керек» деген мәтінді тереңдете оқуды ұйымдастыру.</p>	<p>Бір «зомби-фейктен» бірекі сөйлем көшіріп алып, оны іздеу жүйелеріндегі сәйкестіктер бар-жоғына тексеру.</p> <p>«Хабар таратуда не нәрсеге мән беру керек (хабар таратылымы алгоритмі)» деген мәтіндегі фейк хабарламалардың бірін алгоритм бойынша бағалау.</p> <p>Аудиохабарламаның растығын тексеру.</p> <p>Видеофейктің растығын тексеру.</p>	<p>Бағалау критерийлері: кеңейтулермен жұмыс істеу дағдылары және зомби-фейктерді анықтауы бағаланады.</p>
		<p><b>10.2-тапсырма</b>  <i>Жеке жұмыс / Күрделілігі жеңіл деңгей</i>          Іздеу жүйесіне жүгіне отырып, мына хабарламаның растығын тексеріңдер: «Facebook сіздің фотосуреттеріңізді пайдалануы мүмкін &lt;...&gt; Оларды сізге қарсы сот процесінде сот істерінде пайдалануға болады. Қай кезде болса да, не жарияласаңыз да, бүгіннен бастап жалпыға ортақ болып кетеді. Тіпті өшірілген хабарлама не фотосуреттерге де тыйым салынады».</p>	



	<p>«Dark Social-ға қалай жарық түсіреміз?» мәтінін оқуды ұйымдастыру.</p>	<p>«Factcheck.kz» сайтымен танысу.</p> <p><b>10.3-тапсырма</b>  <i>Топпен жұмыс / Күрделілігі орташа деңгей</i>  Сыныпта үш топқа бөлініңдер. Әр топтың міндеті – кейінгі бірнеше айда WhatsApp желісіне келген күмәнді хабарламаларды еске түсіріп, тізімін жасау. Тізбелеп болған соң, сыныпта тізімді дауыстап оқыңдар. Қай хабарламалар топтардың бәріне келгенін, қайсы екі топқа ғана, қайсы бір топқа ғана келгенін пікірталас форматында анықтандар.</p>	<p>Фейк хабарламаларды анықтау дағдылары бағаланып, пайымдар уәжделеді.</p>
<p><b>Қорытындылау</b></p>	<p>«Қорытынды» айдарымен жұмысты ұйымдастыру.</p>	<p><i>Жұппен жұмыс / Күрделілігі жоғары деңгей</i></p> <p>Мобайл құрылғыларың мен компьютерлеріңде қанша хабар алмасу программасы (бағдарламасы) орнатылғанын санаңдар (әлеуметтік желілердің браузер нұсқасының ішіндегі чаттарды да есепке қосыңдар). Қандай да бір мессенджерді қаншалықты жиі қолданатындарыңызды анықтандар. Қандай бір да адамдармен түрлі мессенджерлерде хат алмасасыңдар ма?</p> <p>Үш және одан көп мессенджер қолданып жүрсеңдер, олар арқылы нақты қандай ақпарат (шынайы, жаңалық, тексерілген, тексерілмеген, өсек-аяң, ойын) және кімнен (отбасы, достар, сыныптастар, бейтаныс адамдар) алатындарыңды талдап көріңдер.</p>	<p>Хабар алмасу программаларын қолдануына және алынған ақпаратты (шынайы, жаңалық, тексерілген, тексерілмеген, өсек-аяң, ойын) талдау дағдылары бағаланады. Хабар алмасу программаларына зәруліктің аз-көптігіне қатысты бағалау пайымдалып, уәжделеді.</p>

		Жақындарыңмен үнемі байланыста болып, шынайы ақпарат алу үшін, қанша хабар алмасу.	
<b>Рефлексия</b>	<p><b>«Қоржын».</b> Бұл тәсілдің мәні – оқушы сабақ барысында қол жеткізген жетістіктерін бекітуге тиіс екенінде. Қоржын оқушыдан оқушыға өтіп отырады. Әр оқушы жетістігін бекітіп қана қоймайды, нақты мысал келтіреді. Мысалы: 1. Мен ... құруды үйрендім 2. Мен ... жаттап алдым. 3. Мен ... мәнін ұқтым. 4. ...мен... айырмашылығы неде екенін түсіндім.</p>	«Қоржынды» алған оқушылар сабақта жеткен жетістігіне пікір айтады.	

*Әдістемелік нұсқау*

**Қаратабанов Руслан Адилханович**

**МЕДИА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТ**  
**Жалпы білім беретін мектептің 9-11(12)-сынып**  
**мұғалімдеріне арналған**

Жоба менеджері: Кошкина А. О.

Жоба үйлестірушісі: Цой С. Е.

Редакторы: Әбділда Ж. Ә.

Әдіскер: Қаратабанов Р. А.

Әдіскердің ассистенті: Бурбаева Б. С.

Корректоры: Құдайберген М. С.

Аудармашы: Қожабекова Н. Б.

Дизайнері: Артюхова А. В.

Басуға 12.03.2021 қол қойылды. Форматы 70x100 1/16.  
Офсеттік қағаз. Гарнитура Times New Roman. Цифрлық басу.  
Шартты б.т. 13 Таралымы 3 дана. Тапсырыс №817.11.2020

**«MediaNet» халықаралық журналистика орталығы» ҚҚ шығарған**  
**050040, Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 15б, 10-кеңсе.**  
**Тел.: 8(727)292-20-46 Электрондық пошта: [info@medianet.kz](mailto:info@medianet.kz)**  
**Веб-сайт: [www.medianet.kz](http://www.medianet.kz)**

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылды.

«Баспагер» баспа үйі» ЖШС, 050026,

Алматы қаласы, Жұмалиев көшесі, 60, ғ.н. 39.

Тел.: 8(727)222-20-00

